



АЛМАТЫ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

5



ЖҮГІРУ 72 ТҮРЛІ АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

9



БАЛАЛАР КОЛОНИЯСЫНДАҒЫ БІР КҮН

10

АЛМАТЫДА КӨПФУНКЦИОНАЛДЫ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Алматыда кәсіпкерлерге қызмет көрсетудің көпфункционалды орталығы (КҚКО) жұмыс істей бастады. Бұл «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мен «Атамекен» Ұлттық палатасы арасындағы өзара ынтымақтастық туралы бірлескен меморандумның аясында жүзеге асты.



Нұржамал ӘЛШЕВА

Кәсіпкерлерге қызмет көрсетудің көпфункционалды орталығын ашу – Президентіміздің Бизнес үшін үкімет құру жөніндегі тапсырмасын іске асырудағы кезекті қадам. Осыған дейін мұндай орталықтар Астана, Шымкент қалаларында ашылған болатын. Мұнда қаладағы мемлекеттік органдар мен банктердің өкілдері орналасқан. Кәсіпкерлерге мыңға жуық қызмет түрі көрсетіледі. Кәсіпкерлер барлық қызметтерді бір жерден және бір өтініш бойынша ала алады.

«Кәсіпкерлерге қызмет көрсетудің көпфункционалды орталығында ХҚО маманы да қызмет көрсетіп отыр. Ол ашылғалы бері, 10 күн ішінде 1 мыңнан аса қызмет



көрсетіп үлгерді. Азаматтар көбіне мемлекеттік қызметтерді онлайн алу бойынша кеңестер алуға жүгінуде. Сонымен қатар, жеке кәсіпкер ретінде тіркелу, жауапкершілігі шектеулі серіктес ашу, бірінші несие бюросы анықтамаларын алу, электрондық сандық қолтаңба жасату сияқты мемлекеттік қызметтер көрсетуде. Мұның бәрі кәсіпкерлерді ХҚО-ға уақыт жоғалтып барып жүруден босатады», – дейді «Азамат-

тарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалының директоры Абдурасул Кулдашов.

Сонымен қатар, Орталықта сервистік қызметтер көрсету, халықтың кәсіпкерлік сауаттылығын арттыру, барлық кезеңде кәсіпкерлерді кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз ету тәрізді қызметтерді алуға көмектеседі орталықты ұйымдастырушылар.

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №147-148 (6441) 9 желтоқсан, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

МЕГАПОЛИС БЮДЖЕТІ БЕКІТІЛДІ

Мәслихат депутаттары Алматы қаласының алдағы үш жылға арналған бюджетін қолдады



VIII шақырылған Алматы мәслихатының кезектен тыс сессиясы өтіп, онда депутаттардың қарауына 2024–2026 жылдарға арналған бюджет жобасы ұсынылды. Жиынға шаһар басшысы Ерболат Досаев пен оның орынбасарлары, басқарма басшылары және өзге де әкімдік қызметкерлері қатысты. Мәслихаттың сессиясы барысында қаланың әлеуметтік-экономикалық, медициналық, білім, қауіпсіздік сынды бағыттары бойынша даму жоспарлары талқыға түсті. VIII шақырылым депутаттары бюджет жобасына байланысты өз сұрақтары мен ұсыныстарын айтты.

Мәслихат депутаттары алдында жасаған баяндамасында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаланың қысқа мерзімді экономикалық индикаторы 13,1%-ға өскенін хабарлады.

«2023 жыл – Алматы қаласын дамытудың жаңа бағдарламасын іске асырудың бірінші жылы болды. Биыл 10 айда Алматы экономикасының серпінді өсуі қамтамасыз етілді. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор 13,1%-ға өсті. Өңдеу өнеркәсібі, сауда, көлік және қоймалау экономиканың өсу драйверлеріне айналды», – деді Ерболат Досаев.

2

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

9.12.2023

Түнде:



-5-7 °C
Бұлтты, қар, кей уақытта қатты.

Күндіз:



-5-7 °C
Бұлтты, қар, кей уақытта қатты.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

10.12.2023

Түнде:



-10-12 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар.

Күндіз:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





МӘСЛИХАТ МІНБЕРІ

МЕГАПОЛИС БЮДЖЕТІ БЕКІТІЛДІ

Мәслихат депутаттары Алматы қаласының алдағы үш жылға арналған бюджетін қолдады



(Басы 1-бетте)

13 МЕКТЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

«Осы жылы Президенттің тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру басталды. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ желісі бойынша 13 мектептің құрылысы басталды және жеке инвесторлармен барлығы 37 100 орынды 9 мектепті салу мен сатып алу жөніндегі меморандумдарға қол қойылды», – деді Ерболат Досаев.

Қала басшысының айтуынша, 2024 жылы Алматының жеке даму бағдарламалары аясында 2 мектеп пен 4 қосалқы нысан құрылысын аяқтау, сондай-ақ 3 мектепті (№59, №155, №189) реконструкциялау жоспарланған. Жыл соңына дейін кешенді қауіпсіздік жүйесін енгізу барлық 206 мемлекеттік мектепте, 8 интернат және 194 мемлекеттік балабақшада аяқталады.

Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімі 138 мың оқушы (олардың жалпы санының 45%) және 1 қыркүйектен бастап мемлекеттік балабақшаларда ХӨТ отбасыларынан шыққан 5,7 мың бала 20,9 млрд теңге сомасына тегін тамақпен қамтамасыз етілгенін хабарлады. Бұл жұмысты жалғастыруға 2024 жылы 20,8 млрд теңге қарастырылады.

73 МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Мәслихат сессиясы барысында 10 айда Алматының негізгі капиталына 1,2 трлн инвестиция тартылғаны айтылды.

«Қала экономикасын дамытудағы оң динамика бюджет кірістерінің 34,5%-ға – 4,9 трлн-ға дейін өсуін қамтамасыз етті. Бұл ретте республикалық бюджетке өсім 35,4%, ал жергілікті бюджетке – 32% болды», – деді Ерболат Асқарбекұлы. Сонымен қатар, әкім өз сөзінде еңбек нарығындағы жағдай жақсарып келе жатқанын айтты. Жыл басынан бері 73 мың жұмыс орны құрылғандықтан III тоқсанда жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ға төмендеді.

28 СЕЙСМОСТАНЦИЯ ОРНАТЫЛДЫ

Қала басшысы Алматыда сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы жер сілкінісі туралы алдын ала хабарлайтын 28 сейсмостанция орнатылғанын айтты. Ерболат Досаевтың айтуынша, төтенше жағдай туындаған кезде зардап шеккен халықты қабылдайтын 545 пункт анықталды.

«Биыл тамызда Мемлекет басшысы Алматы қаласының ғимараттары мен құрылыстарының сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін қабылдауды тапсырды. Қазан айында «ҚазҚСҒЗИ» АҚ және ҚР Сейсмология институты сейсмоаудитті бастап, соның аясында 3500 нысан тексерілді», – деді

қала басшысы. Бұл жұмыс келесі жылы да жалғасады.

Сонымен қатар, Ерболат Досаев денсаулық сақтау нысандарын модернизациялау, реконструкциялау және олардың құрылысын аяқтау жоспарлары туралы да айтып берді.

«2024 жылы Балаларға шұғыл медициналық көмек орталығының операциялық блогы бар қабылдау бөлімшесінің құрылысы және Қалалық кардиологиялық орталықтың ғимаратын реконструкциялау аяқталады, сондай-ақ жалпы сомасы 2,7 млрд теңгеге 7 денсаулық сақтау ұйымына күрделі жөндеу жүргізіледі», – деді Ерболат Досаев. Бұдан басқа, ЖСҚ әзірлеу аяқталып, 4 жаңа стационардың құрылысы және 5 қолданыстағы стационарды модернизациялау басталады.

МАҚСАТ – ЖҮРДЕК ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТІ ДАМУ

Қаланың көлік қарқасын дамыту жүрдек қоғамдық көлікке негізделген. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мәслихаттың кезектен тыс XII сессиясында мәлімдеді.

«Егер 2023 жылдың басында қалада 550 мың жеке автокөлік тіркелген болса, қараша айының басында қалада 620 мың көлік болды. Қалаға кіріп-шығатын көліктерді ескерсек, 1,1 миллионға жетеді. Қоғамдық көлікті дамыту ғана осы мәселені шеше алады», – деді Ерболат Досаев. Оған қоса, шебер жоспарда дизельден толықтай бас тартып, газбен және электрмен жүретін автобустарға көшу арқылы қоғамдық көлікті экологияландыру мәселесін шешу көзделген.

Сондай-ақ, мегаполис әкімі Ерболат Досаев жол инфрақұрылымын жақсарту және қоғамдық көлікті дамыту жоспарына тоқталды. Ол биыл қаланың 70 көшесінде 25 шақырым жаңа жол салынғанын атап өтті. Биыл 200 км жол орташа жөндеуден өтсе, 2024 жылы қаланың жаңа аудандарында 23 млрд теңгеге 250 км жолға орташа жөндеу жүргізіледі.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қоғамдық көлікті газға және электр тартқышқа ауыстыру жөніндегі экологияландыру жұмысы басталды. 2023 жылы 750 экологиялық таза автобус, оның 600-і қалалық бюджет есебінен сатып алынды. Соңғы 11 жылда алғаш рет Алматыда троллейбус паркін жаңарту басталып, 100 троллейбус сатып алынды. Бұл ретте келесі жылдан бастап Алматыда дизельді автобустар сатып алынбайды. 2024 жылы жалпы сомасы 88,3 млрд теңгеге тағы 600 автобус, 100 троллейбус, сонымен қатар, 100 электробус (2025 жылы тағы 100) сатып алуды жоспарлап отырмыз», – деді қала басшысы.

Бұған қоса, электр көлігін дамыту үшін 2024 жылы тротуарлық және алаңдық автотұрақтарда 150 электр қуаттау құрылғы-

сы орнатылады. 10 әлеуетті жеке инвестор тартылды.

Жол инфрақұрылымын дамыту аясында биыл «Бұқтырма көшесі – Құлжа трактісі» жаңа жолайрығы пайдалануға берілді. 2024 жылы Абай даңғылы мен Саин көшесін ұзарту аяқталады, УАААЖ бағытына қарай қалған 3 радиалды жолды қала шекарасына дейін ұзарту жалғасады. Бұған жергілікті бюджеттен 6,4 млрд теңге және республикалық бюджеттен 9,4 млрд теңге бөлінеді. 927,3 млн теңгеге 4 ішкі магистральдық жолды ұзарту жалғасады.

КӨМЕК ТҮРЛЕРІ ҰЛҒАЙДЫ

Алматыда халықтың әлеуметтік осал топтары үшін атаулы көмек көлемі ұлғаяды. Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин мәслихаттың кезектен тыс XII сессиясында хабарлады.

Оның айтуынша, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй төлемдері мен атаулы көмек көлемін биыл 7,2 млрд теңгеден 2024 жылы 10,9 млрд теңгеге дейін ұлғайту ұсынылып отыр. 16,5 млрд теңге сомасына мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету ұсынылады.

Сонымен қатар, әлеуметтік қызметтер орталықтарының, 14 белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының, 9 «Бақытты отбасы» орталықтарының (көпбалалы аналар үшін), 15 «Шыңға өрлеу» (аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар үшін) жұмыс істегі үшін және үкіметтік емес ұйымдар секторындағы басқа да жобаларға 14 млрд теңгеден астам қаражат жоспарланған.

12 СУМЕН ҚАМТУ НЫСАНЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Алматы мәслихатының кезектен тыс сессиясы барысында қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин 2024 жылы жалпы ұзындығы 170 шақырымнан асатын 12 сумен жабдықтау нысандарының құрылысын аяқтау жоспарланғанын айтты.

«Оған 3,5 млрд теңге бөлінеді. Жетісу, Алатау, Наурызбай және Түркісіб аудандарының 50 мыңнан астам тұрғыны қамтылады. Алматы, Өуезов, Медеу, Жетісу және Түркісіб аудандарында 278,8 км сумен жамту және су бұру желілерін салуға 3,1 млрд теңге қарастырылған», – деді ол.

Әкім орынбасарының айтуынша, 2024 жылы 1,1 млрд теңге сомасына 23 сумен жабдықтау нысанына және 4 электрмен жабдықтау нысанына ЖСҚ әзірлеу аяқталады.

ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАРҒА 250 МЫҢ ТӨЛЕНЕДІ

Алматыда Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға бірреттік төлемді 250 мың теңгеге дейін ұлғайту ұсынылды. Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев кезектен тыс сессия

барысында айтып, мәслихат депутаттарының сұрағына жауап берді.

Бастапқыда бұл жоспар келесі жылы қаралатын болған. Алайда, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша қаржыны үнемдеу есебінен және Тәуелсіздік күні қарсаңында желтоқсаншыларға төлемдерді биыл ұйымдастыру мүмкіндігі қаралды.

Айта кеткен жөн, жыл сайын 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылар ҚР Тәуелсіздік күніне орай 150 мың теңге төлем алып келді. Қазіргі уақытта Алматыда 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысқан 670 адам тұрады.

100 МЕКТЕП АВТОБУСЫН САТЫП АЛУ ҰСЫНЫЛДЫ

Бүгінгі сары түсті автобустар Алматыдағы 27 мектептің оқушыларын тасымалдайды. Бұл туралы Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева мәслихаттың кезектен тыс сессиясы барысында айтып, депутаттардың сұрағына жауап берді.

«Алматы әкімінің тапсырмасымен пилоттық жоба аясында биыл 30 мектепке 100 автобус сатып алынды. Ата-аналардың өтінішін зерделеп, Алатау мен Түркісіб ауданындағы тағы 5 мектептің оқушыларын тасымалдау жоспарланған. Бұл жекелеген ауданда тұратын оқушылардың қатынаусын қамтамасыз етеді», – деді Ләззат Жылқыбаева.

Оның айтуынша, 2024 жылы тағы 100 автобус сатып алып, шаһардың қосымша 27 мектебін қамту көзделіп отыр.

6000 БЕЙНЕКАМЕРА ОРНАТЫЛАДЫ

«Адамдар көп жиналатын жерлерде бейнемониторинг жүйесі» жобасы бойынша 2023 жылы 3050 камера орнатылды. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин хабарлады.

Оның айтуынша, Кеңсай саяжайында және мектеп аялдамаларында қосымша 223 бейнекамера орнатылған. Сонымен қатар, келесі жылы бағдарламалық кешендер санын 568,5 млн теңгеге 300 бірлікке ұлғайту көзделіп отыр.

Биыл «Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі» жобасы аясында 515 мемлекеттік нысанда 18 399 бейнекамера, сонымен бірге, жеке нысандарда 81 камера қосылған.

2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҮШ СТАНЦИЯ САЛЫНАДЫ

Алматыда метроның танымалдығы артып келеді, сондықтан 2025 жылы метрополитеннің үшінші кезегін дамыту аясында «Қалқаман» метро станциясының құрылысы аяқталады. Бұл жолаушылар санын тәулігіне 20 мың адамға арттыруға мүмкіндік береді. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин депутат Ералы Сауранбаевтың мегаполисте қоғамдық көлікті дамыту перспективалары туралы сұрағына жауап берді.

Оның айтуынша, 2030 жылға дейін «Барлық» базарына дейін тағы үш станция салу жоспарланып отыр. Онда Батыс автовокзалы, LRT және метрополитен станциялары кіретін ірі мультимодальды көлік-трансплантациялау торабы құрылатын болады. Асқар Әмрин ұзындығы 3,1 км болатын «Сарыарқа» және «Бауыржан Момышұлы» екі станциясының іске қосылуы метроның танымалдылығын арттыруға мүмкіндік бергенін, бірақ сонымен бірге жолаушылар ағыны артқанын атап өтті.

«Егер өткен жылдың басында 70 мың адам болса, бүгінде қарбалас шақта 100 мың жолаушыға жетеді. Метро маршруттық желісі 11 станциядан тұрады. Вагон паркіне 15 электр жылжымалы состав кіреді, оның ішінде 11 состав желіде, жыл басында 8 состав болды, қыркүйекте екі және желтоқсанда бірі жолаушылар ағыны өскен кезде қосылды. Сонымен қатар, 2 состав резервте, екеуі жөндеуде», – деді Асқар Әмрин.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

«Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжехан өзінің Facebook парақшасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құрылу, тіркеу, рәсімдеу шаралары жақында ғана аяқталған QAZAQ TILI Endowment қорына бірінші болып 7 миллион теңге көлемінде жеке жарна аударғанын жазды.

QAZAQ TILI Endowment қоры:

ЖЕТІ МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

Президент өз қаражатынан Қазақ тілін қолдау қорына жеке жарна аударды

QAZAQ TILI Endowment

қоры мемлекеттік тілді қолдау және дамытумен айналысатын еліміздегі ең ірі ұйым – «Қазақ тілі» қоғамының тұрақты әрі ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз етеді. Қорға жиналған қаржы жұмсалмайды. Ондағы қаражат басқаруға беріліп, инвестицияға құйылады. Инвестициялық қызметінен түскен табыс «Қазақ тілі» қоғамының жарғылық міндеттеріне жұмсалады.

«Тіл жанашырларынан, қазақ қауымынан сүйінші сұрар ретім бар. 12 қазан күні Президенттің қабылдауында мемлекеттік тілді дамытуға арналған эндаумент қорын құруды ұсындым. Мемлекет басшысы ұсынысты қолдаған еді. QAZAQ TILI Endowment қорын құру, тіркеу, рәсімдеу шаралары жақында аяқталып, бүгін Қасым-Жомарт Кемелұлы сол қорға бірінші болып 7 миллион теңге көлемінде жеке жарна аударды», – деп жазған Р.Кенжехан Президент көрсеткен үлгіні ел азаматтары, тіл жанашырлары мен кәсіпкерлер де кеңінен қолдайды деген сенім білдірген.

ҚАЗАҚТЫҢ ТІЛІ – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

Қазақтың тілі – қазақтың жаны. Халқымыздың тарихы да, тағдыры да тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де тілінде. Қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады. Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рауан КЕНЖЕХАН,
«Қазақ тілі» қоғамының президенті:

ЭНДАУМЕНТ ҚОРЫН ҚҰРУ ТӘЖІРИБЕСІ КЕҢ ТАРАЛҒАН

«Әлем елдерінде білім беру мен әлеуметтік бағытта жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдардың тұрақты әрі ұзақмерзімді қызметін қамтамасыз ету үшін эндаумент қорын құру тәжірибесі кең таралған. Қазір Жапониядағы ғылым мен технология қоры, сонымен қатар Стэнфорд, Гарвард университеттерінің қорлары дүние жүзіндегі ең ірі эндаумент қорларының қатарына кіреді. Қазақстанда да ірі университеттер, мектептер мен коммерциялық емес ұйымдардың эндаумент қорлары сәтті жұмыс істеп келеді.

QAZAQ TILI Endowment қорын беделді қоғам қайраткерлері, ғалым-лингвистер мен мемлекет өкілдерінен құралған тәуелсіз қамқоршылар кеңесі бақылайды.

Мемлекет басшысы «Қазақ тілі» қоғамына қазақ тіліндегі медиа және баспа контентін көбейту үшін

Қазақ тілі

(Cypet: inbusiness.kz)

нақты жобалар мен шаралар кешенін жүзеге асыру, тілді оқыту мен үйрету әдістемесін жетілдіру, оқу сауаттылығы мен жазу мәдениетін дамыту, сонымен қатар, қазақ тілін қолдау мен тілді қолданатын қауымдастық аясын кеңейту мақсатында заманауи технологиялық шешімдерді кеңінен пайдалануды тапсырды».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МАҢЫЗДЫ

Кәмелет жасына толмағандар арасындағы жағдайға және олардың құқығын қорғауға қатысты «Жасөспірімдердің құқықтық санасын арттыру, қоғамның негізгі құндылықтары, «заң және тәртіп» қағидатын сақтау» тақырыбында жиналыс өтті.



Ернұр
РЫСБАЙ

Жиналысқа Алатау ауданы әкімінің орынбасары, аудан прокуроры, ювеналды полиция бөлімінің бастығы, ата-аналар, оқытушылар, психологтар, ардагер-педагогтар қатысты.

– Кәмелет жасқа толмаған балалардың арасындағы мәселелер өршіп тұр. Осыған байланысты қылмыс жасау, буллингпен айналысу және заңбұзушылық

факторлары көбейіп кеткен. Осы орайда әкімшілік тарапынан жасөспірімдерге қатысты комиссия жұмыс жасап тұр. Осы жылдың басынан бері 26 жиналыс өткізіп, 100-ден аса баланың құқығын қорғап, арнайы шешімдер шығарды. Комиссия мүшелері 30-ға жуық мектеп жасындағы балалардың мектепке бармағанын анықтап, оқу орындарына орналастырды. Ата-аналарына балаларына дұрыс қарамағаны үшін айыппұл салынды. Алдағы уақытта да жасөспірімдердің құқы-

ғын қорғауды жалғастырамыз, – деді Алатау ауданы әкімінің орынбасары Бектас Ерланұлы.

– Алатау ауданы прокуратурасы жасөспірімдердің құқығын қорғауға ерекше мән береді. Әділетті Қазақстан деп тек заң басты орында тұратын мемлекетті айтамыз. Конституциялық заң сақталмайтын жерде қауіпсіз қоғам болмайды. Жасөспірімдердің құқықтық сананы білуі қоғам қауіпсіздігі алдындағы жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді. Біз бұл іс-шараға ата-аналарды шақырып отыруымыздың себебі тәртіп пен тәрбие отбасыдан басталады. Дәл осы отбасыдан алған тәрбие баланың заңды жақсы білуіне көмек береді. Бұл біріншіден балаларымыздың қауіпсіздігі. Олардың алдағы өмірінің жарқын болуы да осыған байланысты, – деді Алатау ауданы прокуратурасының прокуроры Куаныш Айтжанқызы.

Осы орайда Алатау ауданының полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімінің бастығы, полиция капитаны Исатай Махамбетұлы жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өткен жылмен салыстырғанда 6 есеге өскенін атап өтті.

– Жылдың басынан бері 300-ге жуық ата-ана жауапкершілікке тартылып отыр. Оның ішінде бірнеше заңбұзушылық фактілері тіркелді. Көбісі ата-анасының қарауынсыз кешкі уақытта қоғамдық орындарда жүргені үшін



жазalandы. Ювеналды полиция басқармасымен түнгі 22.00-ден кейін кәмелет жасына толмаған балаларды ойын клубына құжаттарын тексермей кіргізгені үшін 22 заңбұзушылық фактілері тіркеліп, айыппұл салынды, – деді И.Махамбетұлы.

Іс-шара барысында қатысушыларға кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтар бойынша статистика, олардың негізгі себептері, қабылданып жатқан шаралар ұсынылды, сондай-ақ оқушылар арасында буллинг фактілерін анықтауға арналған және ауданның барлық мектептерінде пайдалану үшін арнайы QR-кодты енгізу бойынша «Сенім бұрышы» авторлық жобасы ұсынылып, осы жобаны барлық мектептерде енгізу мәселелері қаралды.

– Мектеп оқушыларының арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында іс-шара өткізіп отырмыз. Біз осы орайда «Сенім бұрышы» жобасын ойлап тапқан болатынбыз. Бұл үлкен авторлық жоба қаламыздың 200-ден аса мектебі мен 50-ге жуық колледжінде қолданылып отыр. Жоба өте тиімді, буллинг, құқықбұзушылық пен суицидтің алдын алып үлгеруге мүмкіндік береді. Мектептің барлық жеріне оқушыларға ыңғайлы болу үшін QR-коды қойылды. Оқушылардың хабарлары біздің мектеп әкімшілігіне бірден келіп түседі, сол арқылы көптеген құқықбұзушылықтың алдын аламыз, – деді №204 жалпы білім беретін мектептің директоры Гүлжан Мырзалықызы.





ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АЛМАТЫ ӘУЕЖАЙЫ

Шаһар басшысы әуежайды дамытудың
ұзақ мерзімді жоспарымен танысты



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Алматы халықаралық әуежайы» АҚ президенті Альп Эр Тунга Эрсоймен кездесіп, әуежай мен іргелес аумақтың көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша бірлескен іс-шараларды талқылады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шаһар басшысына Алматы халықаралық әуежайы мен іргелес аумақтың көлік инфрақұрылымын дамытудың 2050 жылға дейінгі перспективасы жайлы шебер жоспар таныстырылды. Бұл құжат қала басшысының тапсырмасы бойынша Алматының Бас жоспарымен үйлестірілді.

Шебер жоспардың бірінші кезеңі жаңа жолаушылар терминалын салуды және қолданыстағы терминалды жаңғыртуды көздейді. Бүгінгі таңда ұшаққа шығатын жолдар кеңейтілді, қосымша ауа баптау жүйесі енгізілді, жаңа жайлы автобустар сатып алынды. Алдағы кезеңдерде құжатқа сәйкес, халықаралық бағыттардың санын көбейту, жаңа ғимараттар салу, автотұрақ аймағын кеңейту және т.б. жоспарланып отыр.

ТАҒЫМ

ҚАЗАҚ БАЛЕТІНІҢ КОРОЛІ

Көрнекті өнер шебері Болат Аюхановтың құрметіне
ескерткіш-тақта ашылды

Алматыда қазақ балет өнерінің көрнекті шебері, педагог, балетмейстер Болат Ғазизұлы Аюхановтың құрметіне өзі тұрған үйге ескерткіш-тақта ашылды. Қазақ балетінің королі Назарбаев даңғылындағы №44 үйде 1974–2006 жылдары тұрды. Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері, Болат Ғазизұлының туысқандары, шәкірттері, қызметтес болған әріптестері және т.б. қатысты.



Мәншүк
БЕКБОСЫН

Жиында Алматы қаласы әкімдігінің өкілі Арман Халбеков сөз сөйлеп, Болат Ғазизұлының қазақ балеті өнеріндегі өлшеусіз еңбектеріне тоқталды. Өз сөзінде ол тау тұлғалардың есімін ұлықтау – өскелең ұрпақ үшін игілікті іс екенін атап өтті. Сонымен қатар, ескерткіш-тақтаның ашылу рәсімінде шәкірттері мен замандастары да сөз алып, естеліктерімен бөлісті. Айтуларынша, қазақ балет өнерінің королі, Қазақстанның халық артисі Болат Аюханов өз заманында ұлтына, халқына еңбегін адал сіңірген адам. Өнер жолында табаны талмай еңбек еткен тарлан. 65 жылдан аса ғұмырын хореографияға арнаған жұлдыздың тәрбиелеген талай



шәкірттері бүгінде табысты еңбек етіп, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосуда. Балет өнерінің көрнекті шебері былтыр желтоқсан айында 84 жасында дүниеден озды.

«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Қалалық Достық үйінде 2021–2023 ж.ж. шыққан «Қазақстан Республикасындағы Этноәлеуметтік үдерістер» атты төрт ғылыми еңбектер жинағының тұсаукесеріне арналған Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сарапшылық тобының кеңейтілген отырысы өтті. Іс-шараны Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сарапшылық тобы ұйымдастырды.

ЖАҢА ЖИНАҚ
ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Еңбек жинағына қазақстандық және әлемдік қоғамдық-саяси дискурс контекстінде этносаяси процестерді зерттейтін жетекші қазақстандық және шетелдік саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, философтар мен тарихшылардың мақалалары енгізілген. Авторлардың зерттеу тақырыбы – этностардың қазақ қоғамына интеграциялану мәселелері, Қазақстанның өңірлеріндегі этноәлеуметтік процестер, мемлекет құру, ұлттық егемендік, көпмәдениетті білім беру мәселелері және т.б.

Осы мәселелерді шешуге Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Мониторинг Қазақстан Республикасындағы этноәлеуметтік процестердің динамикасын зерттеу және болжау әдісі ретінде» гранттық жобасы

(2021–2023) бағытталған болатын. Олардың нәтижелері – ғылыми еңбектердің төрт жинағында зерттеу тобының мүшелері мен осы білім саласындағы шақырылған сарапшылардың мақалалары ұсынылған.

Жинақтар қазақстандық ғалымдарға, оқытушыларға, студенттер мен магистранттарға, журналистерге арналған. Сонымен қатар, этносаясат, ұлтаралық қатынастар және мемлекет құру мәселелеріне қызығушылық танытатындарға арналған.

«Биыл екі жылдың қорытындысы ретінде жаңа жинақ дайындалды. Өзіміздің ғалымдар мен шет елден келген авторлардың пікірі топтастырылды. Әлеуметтік үрдіс, ұлтаралық қарым-қатынас зерттелеп, бүгін қорытындысын ұсынып отырмыз. Жинақты қаладағы кітапханалар мен жоғары оқу орындарына, т.б. мекемелерге жібердік. Жастар Қазақстанда өмір сүретін ұлттар мен ұлыстар туралы білуі керек», – деді Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сарапшылық тобының мүшесі Болысбек Батталханов.

СЕМИНАР

ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Almaty Adaldyk Alany» жобалық кеңсесінің ұйытқы болуымен Алмалы ауданындағы 8 мектеп-гимназияда «Parasatty Urpaq U's'in» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Құқықтық мәдениет қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты азайтудың негізгі шарты ретінде» атты тақырыпта кеңейтілген семинар өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қоғамның жегі құртына айналған сыбайлас жемқорлықпен қазіргі таңда ел болып күресіп жатыр. Осы ретте «Almaty Adaldyk Alany» жобалық кеңсесі Алматы қаласы тұрғындарының түрлі әлеуметтік топтары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп жатыр.

– Бүгінгі мектеп оқушысы – ертеңгі ел азаматы. Сондықтан күрестің алғышарты ретінде күресті мектептен бастап отыр. Жалпы, осы семинарды ұйымдастырудағы басты мақсат – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру мүмкіндіктерін және олардың белсенді азаматтық ұстанымын, құқықбұзушылыққа төзбеушілік

принциптерін талқылау, сондай-ақ жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастырушы білім беру мекемелерінің әкімшілігі мен ұстаздар қауымымен ой-пікір алмасу болып отыр, – дейді ұйымдастырушылар.

Айтулы іс-шараға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басқарма басшысы Қанат Сәлімбаев, Алматы полиция департаменті Президиумының құрметті мүшесі, отставкадағы полковник Ағзам Қазыбай, Алмалы ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімінің маманы Шолпан Кенжебаева, қоғам белсенділері мен 8 мектеп-гимназия ұжымы қатысты.

Семинар барысында қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдер туралы кеңінен сөз болды.



БРИФИНГ

«ТАРИФТІ ИНВЕСТИЦИЯҒА АЛМАСТЫРУ»

бағдарламасы жалғасын табады

Кеше Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Әсел Бөденеева «Тарифті инвестицияға алмастыру» бағдарламасы аясында биыл Алматыда инженерлік желі қайта жаңғыртудан өткенін мәлімдеді. Сонымен қатар, Табиғи монополиялар субъектілерінің 2023–2026 жылға арналған инвестициялық бағдарламаларына өзгерістер енгізілгенін де тілге тиек етті.

**Мәншүк
БЕКБОСЫН**

Қала бойынша желілердің тозуы төмендеді

Биыл департамент «Тарифті инвестицияға алмастыру» бағдарламасын іске асыру аясында бірқатар жұмыс жүргізді. Осылайша 2023 жылдың қорытындысы бойынша қала бойынша желілердің тозуы орта есеппен 1 пайызға дейін төмендейді деп күтілуде.

– 2023 жылдың желтоқсандағы жағдай бойынша 27 шақырым су құбыры желілері, 2 шақырым кәріз желілері, 0,7 шақырым жылу желілері, 21 шақырым электрмен жабдықтау желілері қайта жаңартылды. 25 бірлік жабдық пен 412 бірлік жабдыққа жөндеу жұмыстары жүргізілді, – деп атап өтті Әсел Бөденеева.

Департамент басшысының мәліметінше, 2023 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша Алматыда жылу желілерінің тозуы 59,2%, су құбыры 56,4% және кәріз жүйесі 57,8 пайызға тозғаны анықталған. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша келер жылы жылу желілерінің тозуы 58,6%, су құбырларының тозуы 55,46%, кәріз желілерінің тозуы 57,7%-ды құрамақ.

Бұдан өзге, инвестициялық бағдарламалар мен тарифтерді олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 4 табиғи монополия субъектісінің («Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Алматы Су» ШЖҚ МКК, «Алматы-теплокоммунэнерго» ЖШС, «Алматы жылу

желілері») тарифін өзгерту бойынша өтінімдер қаралған екен.

Әсел Бөденеева сондай-ақ, субъектілердің инвестициялық бағдарламалары Энергетика министрлігі, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті және Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы атынан салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп бекітілетінін атап өтті.

Қаңтардан бастап тарифтердің бағасы өзгерді

Жиында департамент басшысы «Тарифті инвестицияға алмастыру» бағдарламасы алдағы уақытта да жалғасын табатынын мәлімдеді. Осыған орай 2024 жылы 1 қаңтардан бастап тарифтердің де бағасы өзгеретінін айтты.

Мәселен:

– Сумен жабдықтау бойынша («Алматы Су» ШЖҚ МКК): орташа өнімділік – 99,41 теңге/м³ ҚҚС-сыз (12,85%) халық үшін 54,22 (10%);

– су бұру бойынша («Алматы Су» ШЖҚ МКК): орташа өнімділік – 53,27 теңге/м³ ҚҚС-сыз (5%) халық үшін 29,23 (10%);

– жылумен жабдықтау бойынша («Алматы жылу желілері» ЖШС): орташа тариф 9725,45 теңге/ҚҚС-сыз Гкал (6,2%) халық үшін 7194,77 теңге/ҚҚС-сыз Гкал (15%);

– электр энергиясын беру бойынша («Алатау Жарық Компаниясы» ШЖҚ МКК): ҚҚС-сыз 8,87 теңге/кВтсағ (6,7%);

Ескеретін жайт, 2024 жылдың 1 қаңтары-



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСУЛЫ.

нан бастап «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС электр энергиясын жабдықтау бағасын өзгертпейді.

Бүгінде қалада «Монополист» базасы жұмыс істейді. Бұл базадан тұтынушылар тарифтер мен тарифтік сметаларды бекітуге және өзгертуге арналған өтінімдермен және тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындау бойынша табиғи монополия субъектілерінің есептерімен таныса алады.

Әлеуметтік көмек мөлшері артты

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов мегаполисте аз қамтылғандар үшін қолданыстағы әлеуметтік көмектің мөлшері 0,6 АЕК-ке дейін ұлғайтылғанын мәлімдеді. Көмек халықтың әлеуметтік осал санатына жататын азаматтардың жекелеген 8 санатына көрсетіледі.

Мұндай шешімді қалалық мәслихат депу-

таттары кезекті сессияның бірінде қабылдады. Оған «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында 2023 жылдың 1 қарашасынан электр энергия тарифінің көтерілуі себеп болған. Заңды тұлғалар үшін электр энергиясына тарифтің өсуі 1 кВтсағ үшін 1,2% (26,44 теңгеден 26,75 теңгеге дейін), жеке тұлғалар үшін 7%-ды (21,62 теңгеден 23,13 теңгеге дейін) құрады.

Айта кету керек, бұл жоба аясында халықтың әлеуметтік осал санатына жататын азаматтардың құжаты учаскелік комиссияға жіберілмейді. Өйткені, бұл әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алмай көрсетіледі. Бұдан өзге, 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін бұл көмекке жүгінген әлеуметтік көмек алушылар үшін қайта өтініш бермей, төлем мерзімін 2024 жылғы 30 маусымға дейін ұзарту көзделген. Әлеуметтік көмек төлеуді қала әкімінің аудандық аппараттары жүргізеді.

Алматыда ХӨӨТ қатарында 315 мыңнан астам азамат бар. Соның ішінде биыл 559 млн теңгеге 100 мыңдай адамға әлеуметтік көмек көрсетілген екен.

САРАПТАМА

АЛМАТЫ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

Ресми дерекке сүйенсек, Алматы қаласының халқы 2,2 млн адамнан асады. Алматы сөзсіз ел экономикасының драйвері. Экономикалық белсенділік жоғары. Сол белсенділік қалалықтардың табыс деңгейінен көрініс табуда. Орташа жалақы деңгейі жыл сайын өсіп келеді. Иә, орташа жалақыны есептеу халықтың шынайы әлеуметтік жағдайы туралы толық ақпарат бермейді. Дегенмен, оны да ескеру қажет. Ендеше, қаламызда және ондағы аудандарда орташа жалақы қалай өзгерді деген сауалға жауап іздеп көрейік.

Тұрақты өсім байқалады

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, Алматы қаласында орташа жалақы тұрақты өсуде. 2007 жылы қаладағы орташа жалақы 67 мың теңгедей болса, биыл II тоқсанда 420 мыңнан асты. Яғни орташа жалақы 6 есе өскен. Ең жоғарғы өсім 2021, 2022 жылдары байқалған. Мысалы, 2021 жылы алдыңғы жылға қарағанда өсім 19%-ды құраған. 2022 жылы да осындай өсім болған. Биыл да осы қарқынды болуы мүмкін.



Жылдар	Орташа айлық жалақы (мың тг.)
2007	66 951
2008	72 897
2009	82 779
2010	106 597
2011	121 674
2012	134 378
2013	142 310
2014	155 242
2015	161 845
2016	178 678
2017	190 875
2018	200 919
2019	224 158
2020	247 951
2021	295 985
2022	354 860
2023 (II тоқсан)	420 380

(Деректер статистика комитетінен алынды).

Медеу ауданы – көшбасшы

Ұлттық статистика бюросының деректеріне талдау жасадық. Әр аудан бойынша орташа жалақыны салыстырдық. Салыстырмалы талдау барысында әр ауданда орташа жалақының айырмашылықтары бар екеніне көзіміз жетті. Айта кетер болсақ, Медеу ауданында орташа жалақы өзге аудандармен салыстырғанда жоғары. Былтыр ауданда орташа жалақы 433 мың теңгеден асқан. 2010 жылы бұл көрсеткіш 142 мың болған. Яғни 12 жылда орташа жалақы 3 есе өсті. Бұған түрлі факторлар әсер етуі мүмкін. Ең алдымен, жеке кәсіпкерлер Медеу ауданында көбірек шоғырланған. Бұдан бөлек, қызмет көрсету, мәдени-демалыс саласы да жақсы жолға қойылған. Ал олардың табысы жоғары екені бәрімізге мәлім.

Жалпы, қаланың ескі, әрі орталық бөлігінде орташа жалақы жоғары. Оған Медеу, Бостандық және Алмалы аудандары кіреді. Медеу ауданынан кейінгі орында Бостандық жайғасқан. Мұнда 2010 жылы 114 мың теңге болса, былтыр 377 мың

теңгеге өсті. Яғни 12 жылда 320%-ға өскен. Бұл өсу қарқынының Медеу ауданынан жоғары болғанын көрсетеді. Мұндай тенденция Алмалы ауданында да байқалған. Онда 12 жылда орташа жалақы 340% өскен. Яғни 2010 жылы 104 мың теңге болса, 2022 жылы 358 мыңға өсті.

Түркісіб ауданында да орташа жалақы жоғары деңгейде. Тіпті, өсім жағынан ең жоғары көрсеткішке ие. 12 жылда 4 есе өскен. 2010 жылы 84 мың теңге болса, 2022 жылда 345 мың теңгеге өсті. Алдағы жылдары өзге аудандарды басып озатын мүмкіндікке ие.

Орташа жалақы бойынша Наурызбай (259 мың тг.), Алатау (260 мың тг.), Жетісу (266 мың тг.) және Өуезов (280 мың тг.) аудандары көш соңында келеді. Бұл аудандардың ішінде Өуезов ауданының өсімі жоғары. 12 жылда орташа жалақы 380%-ға өскен.

Аудандар	2010	2014	2015	2020	2021	2022
Алматы	104 819	153 590	160 690	248 173	298 362	358 519
Алатау	83 341	115 466	117 699	174 259	202 427	260 782
Өуезов	72 722	109 888	114 882	189 878	236 352	280 165
Бостандық	114 720	175 970	177 705	270 499	325 905	377 311
Жетісу	83 770	120 648	123 733	175 826	217 713	266 730
Медеу	142 361	195 174	210 958	309 804	352 005	433 208
Наурызбай	-	95 316	104 775	192 747	233 714	259 255
Түркісіб	84 629	130 717	138 156	236 047	289 839	345 145

(Деректер статистика комитетінен алынды).

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Қызылша тақырыбы әлі де күн тәртібінен түспей тұр. Өкінішке қарай, өткен аптада өскемендік алты айлық нәрестенің қызылшадан шетінеп кеткені туралы ақпарат тарады. Сақтанбасақ болмайды.

Тақырыпқа орай Алматы қалалық №30 емхананың эпидемиолог-дәрігері Айнұр Сәрсеновамен сұхбаттасқан болатынбыз.



– Қызылшаны балалардың көбірек жұқтырып жатқаны рас па?

– Биылғы қаңтардан бастап қазан айына дейін инфекциялық ауруханаға қаралған науқастар саны 5754 болды, олардың 71%-ы 1–7 жас аралығындағы балалар. Ал ересектердің арасында бұл көрсеткіш 2 мыңға жуықтады. Мен 1 қарашада алынған мәліметтерге сүйеніп айтып отырмын. Өздеріңізге мәлім, қызылша ауруы бізді ғана емес, бүкіл әлемді әбiгерге салып тұр. Сондықтан бiз де қосымша екпе салу науқанын бастадық. Қосымша иммунизация – бұл балалар арасында қызылша ауруының таралуын ауыздықтауға, сонымен қатар, медицина қызметкерлерінің қызылшаға иммунитетін күшейтуге бағытталған.

– Ересектер мен балаларда қызылша белгілері бірдей ме? Екпе алған балалар қызылшаны еш асқынуларсыз жеңіл өткереді деген рас па?

ҚЫЗЫЛША

екпе алмаған балаларға ауыз салып жатыр

– Ересектердің 20%-ында тері қышымасы байқалады. Ларингит пен бронхит 15 күнге дейін созылуы мүмкін, әсіресе 60 жастан асқан қарттарда. 20–30%-ында қысқамерзімді диарея және орталық жүйке жүйесінің зақымдануы байқалады. Қызылша ауруында біршама жиі кездесетін асқынулар – пневмония.

Бір жасқа дейінгі балалар қызылшамен ауырған кезде әлсіз қатаралды белгілер байқалады. Қызыл дақтардың пайда болу кезеңінде сілемейлі қабатта жиі көрініс беретін ақшыл-сұр түсті «Бельский-Филатов-Коплик дақтары» кей кезде болмауы мүмкін. Сонымен қатар, іші өтіп, құсады. Жасыратыны жоқ, кейбір ата-аналар екпеден бас тартып жатады. Бұл болашақта ерте және кеш асқынулардың дамуына әкелуі мүмкін. Жалпы, екпе алған адамдарда ауру жеңіл өтеді және бөртпе кезеңі болмайды.

– Қызылша несімен қауіпті және оның салдары қандай? Соны өлімге алып келетін жағдайлар кездесе ме?

– Бұл жерде геморрагиялық форманы атап өткен жөн. Ауру теріде және шырышты қабаттарда көптеген қан кетулермен, зәрде және нәжісте қанның пайда болуымен, сондай-ақ көп қан жоғалтуға байланысты өлім ықтималдығымен бірге жүреді. Уақытылы медициналық көмекке жүгіну арқылы мұндай салдардың алдын алуға болады.

– Қызылша белсіздікке алып келуі мүмкін бе?

– Жок. Бірақ түсік тастау, мерзімінен бұрын босанып қалу немесе жатырышылық ақауларға алып келуі мүмкін. Қазіргі уақытта жүкті әйелдерде қызылша тыныс алу жеткіліксіздігі және интоксикация белгілеріне байланысты орташа ауырлықта өтіп жатыр.

– Бұл ауру неліктен дәл қазір бас көтеріп отыр?

– Оның таралу факторларының бірі – халық арасында ұжымдық иммунитеттің төмендеуі. Оның үстіне, кейінгі жылдары екпеден бас тарту үрдісі беіен алып келеді. Салдарынан балалар арасында аурудың таралуы жиілей бастады. Екпеден қорқудың қажеті жоқ, керісінше оның аурудан қорғайтынын білетін уақыт жетті бізге. Бірінші



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Манар СМАҒҰЛ, Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының басқарма төрағасы:

АТА-АНА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МАҢЫЗДЫ

Антиваксерлер ең алдымен балаларының алдындағы жауапкершілігін ойлауға тиіс. Олар балаларының құқықтарын, өмір сүру құқығын, денсаулық пен болашақ құқығын бұзады. Қызылшаға қарсы вакциналау Еуропа мен АҚШ-тың бірқатар елінде міндетті, оларда талап қатаң. Мектеп бітірген тұлғаның бала күнінде қызылшаға қарсы вакцина алғаны туралы сертификаты болмаса оқуға жіберілмейді.

Осы орайда айта кететін жайт, бала сауығып кеткен сияқты, бірақ вирус денеде тұрақты болып, 5-7 жылдан кейін склерозды паненцефалитті, мидың зақымдануы бар өлімге әкелуі мүмкін. Яғни дерт психикалық деградация болады. Бұл жасырын асқынулардың бірі және оны ресми статистика растайды. Мың баланың біреуі мұндай асқынуға бейім. Сондықтан бұл мәселеде ата-ана дұрыс шешім қабылдауы керек.

кезекте вакцина 6 айдан бастап 10 ай 29 күн болған балаға салынады. Биылғы 5 желтоқсаннан бастап, балаларға екпе алу, статустыңа қарамастан, 2 жастан бастап 4 жасқа дейін және 11 ай 29 күнінде екпе салады.

– Отбасыда немесе ұжымда қызылшамен ауырған жағдайда карантин ережелері қандай?

– Мысалы, егер науқас аурудың жеңіл түрімен ауырса және оған тек амбулаторлық ем тағайындалса, онда ол үй карантинінде болады.

Жалпы, жөтел этикетін сақтап, алғашқы белгілер пайда болса, бірден медициналық көмекке жүгінген абзал.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет!

ӘДЕП

ЕСІНЕУ ДЕ «ЖҰҚПАЛЫ»

Автобуста. Қарсы орындықта отырған жолаушы әйел аузын кере ашып есінеді. Ұйқысы қанбаған ғой дейін десең, таңғы уақыт емес, кешке жұмыстан қайтып келеміз. Оны көріп отырған мен де еріксіз есінедім. Қызығы сол, әлгі әйелдің жанында, маған қарама-қарсы отырған бозбала да есінеді. Бәрімізге таныс жағдай, иә? Сонда есінеу де вирус секілді адамнан адамға жұға ма? Осының және өзге де сырын іздеп көрдік.

Ми қыртысының жауабы

Адам есінеген кезде, ұйқысы келіп тұр деп ойлап, тек ұйқымен байланыстыратынымыз дұрыс емес екен. Сөйтсек, ол бас қызып кеткен кезде мидың температурасын салқындату үшін жасалатын рефлекс дейді мамандар. Ғылым тілімен айтқанда, есінеу – организмнің қандағы көмір қышқыл газының мөлшері көбейіп кеткенде, органдарды оттектен қамтамасыз етуге бағытталған рефлекторлық реакциясы. Ал «Есінеп тұрған адамды көрген немесе есінеу туралы мақаланы оқып отырған адам да неліктен есіней жөнеледі?» деген сауалға жауап ми қыртысында жатыр екен. Сіз қазір есінеп жатырсыз ба? Ми қыртысында орналасқан айна нейрондарыңыз жұмысы іске қосылады. Олар эмпатияға жауапты және эмоционалды деңгейде жұқпалы есінеуді тудырады. Демек, есінеудің жұққыштығы мимикалық процесс екен. Мұның сырын зерттеген мамандар жұғу рефлексіне ұшырайтындар басқалар жайлы көп ойлайтын, уайымшыл жандар екенін анықтаған.

Жалқаулар жиі есінейді

Адам шаршағанда (жүрек, қан-тамыр жүйелері қызметінің бұзылуынан), ұйқысы қанбағанда, көңілісіздік басқанда, түн ортасына дейін жұмыс істегенде, ауасы тазартылмаған, темекі түтініне тұншыққан бөлмеде бір орыннан қозғалмай ұзақ отырып жұмыс істегенде (бұлшық еттердің босануынан) есінейді. Сондай-ақ, бойы тоңса да есіней береді. Демек, дене қуаты әлсіз, ұйқысы шала, тұрмысы ретсіз, кимыл-әрекеті аз,



жалқау адамдар көп есінейді. Ал оған керісінше, рухы сергек, дене қуаты мығым, күнделікті өмір ырғағы қалыпты, жігерлі адамдар көп есінемейді.

Күйзелісте жүрген адам да жиі есіней береді. Ал күйзеліс жүрек ауруына шалдықтырады. Адам склерозға шалдыққанда да есіней беруі мүмкін екен.

Бауыры ауыратын адамдар да ылғи есінеп жүретін көрінеді.

Бала құрсақта да есінейді

Ал балалар есінеуді ана құрсағында жатқанда-ақ бастайды екен. Мұны дәрігерлер жүктіліктің 11-12-ші аптасында-ақ УЗИ арқылы көре алады. Шарананың іште жатып-ақ есінеуі – оның өкпесінің қалыпты дамуының көрсеткіші. Егер ата-ана бесіктегі бөбегінің жиі есінейтінін байқаса, бұған назар аударғаны абзал. Мүмкін сәбиге оттегі жеткіліксіз және таза ауада серуендеу уақытын ұзарту қажет шығар.

Сөз соңын табиғи есінеудің пайдасымен түйіндесек. Есінеу кезінде таза ауа денені оттегімен қанықтырады. Мидың қанмен қамтамасыз етілуі жақсарады, метаболикалық процестер жеделдейді, жұмыс қабілеті қалпына келеді. Көздің шаршауы басылады, яғни есінегенде кернеуді қабылдайтын жақ бұлшықеттері көру жүйкелерімен тікелей байланысты. Есінеу қанды оттегімен байыту арқылы бет терісін жасартады.

СТАЦИОНАР

Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығында балалар бөлімі жұмыс істейді. Бұл бөлім де кезінде қажеттілік туындаған соң ашылған. Бүгінде аталмыш орталыққа 20 жыл толып отыр. Кішкентай пациенттерге арналған бөлімде қазір 35 төсек бар.

ЖҮЙКЕСІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАР мамандар бақылауында

Балалар бөлімі психикалық ауруға шалдыққан кәмелет жасқа толмағандарды қабылдайды.

– *Психикалық ауруға шалдыққан балаларды стационарға жатқызып емдеу, тәулік бойы бақылау қажеттігі туындайды. Көбінесе мінез-құлқында ауытқушылық, психикалық бұзылыстардың аспектілері, шизофренияның алғашқы белгілері анықталған жасөспірімдерді қабылдадық. Себебі, оларды есепке алу, нақты диагнозын білу үшін тәулік бойы бақылау керек. Бұл біздің клиникалық құралымыздың бірі, –* дейді мерейлі күнге орай құттықтап келген қонақ, балалар бөлімінің ең алғашқы, яғни тұңғыш меңгерушісі Жанна Рафкатқызы. Білікті маман қазір де бұл саладан алыс кеткен жоқ, бүгінде Алматы облыстық Психикалық денсаулық орталығының директоры.

Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығы жанындағы балалар бөлімі мамандарға ақыл-есінің кемістігі бар, аутизм және шизофренияға шалдыққан алматылық науқастарды тәулік бойы денсаулығын қадағалап, психикалық кеселдің ерекшеліктерін бақылап, сапалы емдеуге мүмкіндік береді.

Бөлім балалардың ақыл-ойының, миының қызметін жақсартуға, дамытуға арналған құралдармен жабдықталған. Осы бөлімнің меңгерушісі Ольга Александрованың айтуынша, кейінгі жылдары гаджетке тәуелді балалардың ата-аналары дабыл қағып, психологиялық көмекке жиі жүгіне бастаған.

Бөлімде науқастарға медициналық, психологиялық көмекпен бірге, әлеуметтік және құқықтық қолдау көрсетіледі. Яғни ата-ананың ауру баламен жалғыз қалмауына да мән беріледі.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



ТЕГІН ҚАРАЛУҒА МҮМКІНДІК БАР

Бүгін, яғни 9 желтоқсан, сенбі, сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін Алматыдағы Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты асқазан, ұйқы безі мен бауыр обырын ерте бастан асқындырмай анықтау мақсатында тегін профилактикалық тексерулер жүргізеді.

Бұл туралы аталмыш институттың баспасөз қызметі хабарлады. Тексеруден өткісі келетін адамдар өзімен бірге жеке куәлігін ала баруы керек.

«Жақындарыңызды денсаулығы мазалап жүрсе, қаратып алуға болады. Тексерілу қажет деп тапсаңыз, институттың абдоминальды онколог-дәрігерлері сізді тегін қабылдайды. Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы керек», делінген хабарламада.

Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының мекен-жайы:

Абай даңғылы, 91 (Орталық стадионға қарама-қарсы).

ӨЗЕКТІ

ЖАС БОСАНҒАН АНА ДА КҮЙЗЕЛІСКЕ ТҮСҮІ МҮМКІН Мұндай жағдайда не істеу керек?

Адамнан адам шығу оңай емес. Сондай-ақ, бала көтерген әйелдің құрсағындағы шарананы аман-есен тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, жарық дүниеге әкелу процесі де екінші тараптың қолдауын талап етеді. Тіпті, кейбір әйел-аналар босанғаннан кейін күйзеліске ұшырап, оған психологтың көмегі қажет болуы мүмкін.

Статистикаға сүйенсек, босанғаннан кейінгі депрессия жас босанған әйелдердің 10–15%-да кездеседі. Шамадан тыс жабырқаулы күй кешу; үнемі жылай беру; ұйқысын жоғалту немесе шамадан тыс ұйықтай беру; тәбеттің жоғалуы немесе жоғарылауы; ашуланшақтық пен ызақорлық; бас ауруы және дененің сырқырауы; қатты шаршау; балаға алаңдаушылықтың немесе қызығушылықтың болмауы; пациенттің бала алдында ана ретінде дәрменсіз болуы; нәрестесіне зиян тигізуден қорқуы; өзіндегі жайсыз сезімдері үшін өзін кінәлі сезінуі; суицид туралы ойға кету; мазасыздық немесе дүрбелең әрекеттерге бару, міне, осының бәрі босанғаннан кейінгі депрессия белгілеріне жатады.

Әдетте, бұл симптомдар біртіндеп, 3 ай ішінде дамиды, бірақ кенеттен басталып кетуі де мүмкін. Босанғаннан кейінгі депрессияны емдеу мыналарды қамтиды: психологтың консультациясы, яғни ішкі ресурстар есебінен әйел депрессияны жеңе алады; психотерапия (ол ішкі «жанжалдарды» шешуге бағытталған); антидепрессанттардан, гормоналды құралдар мен транквилизаторлардан тұратын дәрілік терапия; әйелдің бейресми ортаға

МӘМС

МІНЕ, БІЗДІҢ ДӘРІГЕРЛЕР!

Мидағы тамыры үзіліп, басына қан құйылып кеткен науқас білікті мамандар арқасында аман қалды

Иә, Алматыдағы №7 қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері дер кезінде жедел шешім қабылдап, мидағы анверизма тамыры үзілген науқастың өмірін сақтап қалды. 39 жастағы пациент ауруханаға аса ауыр халде жеткізілген. Жедел жәрдеммен келген кезде оның басы мен мойын тұсы ауырып, жарыққа қарай алмаған, қан қысымы да қатты көтеріліп кеткен, деп хабарлайды аурухана баспасөз қызметі.

«Қабылдау бөлімінде бірден тексеру жүргізілді. Компьютерлік томография барысында миға қан құйылғаны белгілі болды. Невропатолог пен нейрохирургтер пациенттің естіп-қабылдау, түйсіну қабілетінің де нашарлағанын анықтады», – дейді қабылдау бөлімі меңгерушісі Асылбек Ембердиев.

Мультидисциплинарлық тексеруден кейін селективті церебральды ангиография жасау туралы шешім қабылданды.

«Ангиография барысында мидың алдыңғы және ортаңғы тіндерінен қапшық тәріздес аневризма табылды. Бірден эмболизация жасалды. Сонымен қатар, аневризмге шалдыққан тамырдың төбесінде дивертикул (тамырдың өте жіңішке әрі жарылуға бейім тұсы) барын байқадық. Отадан кейін пациент жансақтау бөліміне ауыстырылды. Жағдайы тұрақтанған соң №1 insult бөлімшесіне көшірілді», – дейді қан-тамыр нейрохирургиясы бөлімшесі меңгерушісінің міндетін атқарушы Қуаныш Никатов.

Операция МӘМС есебінен жасалды. Қазір пациент отбасына оралды. Оның аяққа тұруына қан-тамыр нейрохирургі – Қуаныш Никатов, Айбек Тұралиев, анестезиолог –



Олег Будаков, операциялық медбике – Айнұр Нұралиева сынды операциялық блок бригадасы, insult бөлімшесінің дәрігер-невропатологтары Жандос Зарпуллаев пен Оксана Антонюк атсалысты.

Қабылдау бөлімінің невропатолог маманы мен қан-тамыр хирургтерінің бірлескен жұмысы нәтижесінде пациент тиісті тексерулерден өткізілді, дұрыс диагноз қойылып, операция жасалды. Сонымен қатар, ота жасалғанына қарамастан, миға қан құйылғаннан кейін 14-ші және 21-күн аралығында мидың ортаңғы күретамыры тарылып, спазм қалыптасу қаупі пайда болады. Осының алдын алған бөлімше insultологының да еңбегі зор.

№7 аурухананың insult орталығы III деңгейлі орталықтар қатарына жатады. Онда insult алған пациенттерге жоғары технологиялы медициналық көмек көрсетіледі. Соның ішінде үзілген аневризмаға ангиографиялық аппараттың көмегімен эндовас-

кулярлық ота жасалады. Емдеу-диагностика мультидисциплинарлық принцип бойынша жүргізіледі. Оған ерте оңалту, insultтің қайталануына жол бермеуге бағытталған іс-шаралар кіреді. Аурухана мамандары сондай-ақ, ауыр халдегі науқастарға кеңестер беріп, ем-дом тактикасын анықтау үшін басқа қалаларға да шығып тұрады.

Дәрігерлердің айтуынша, миына субарахноидальды қан құйылған пациенттердің 80 пайызында мидан қапшық тәріздес аневризма табылады. Және ол тек оперативті жолмен емдеуді талап етеді. Әдетте, мидағы қан тамырларының аневризмасы көп жағдайда ешқандай белгі бермейді. Көбіне бұл диагноз пациент невропатолог мамандарға қаралған кезде аяқастынан анықталып жатады. Статистикаға сәйкес, аневризмаға шалдықп, тамыры жарылған 10 науқастың 4-еуі стационарға жете алмайды. Аневризма екінші рет үзілген жағдайда пациенттің өміріне төнетін қауіп еселене түспек.

МАМАН КЕҢЕСІ

Өкпенің қатерлі ісігі – бүкіл әлем бойынша миллиондаған адамның өміріне көлеңке түсіретін жойқын ауруға айналып барады. Алматы қаласындағы №11 емхананың онколог-дәрігері Айдын Сатыбаев бұл кеселді ерте кезеңде анықтау өте қиын екендігін, сондықтан екіншіке қарай өкпе рагынан көз жұматындар қатары да аз еместігін айтты.

ЕРТЕ АНЫҚТАЛҒАН АУРУ ЕМГЕ ТЕЗ КӨНЕДІ

«Өкпенің қатерлі ісігін алғашқы сатысында анықтау қиын, себебі симптомдар кейінгі кезеңдерде пайда болады. Құрғақтан жөтелден басталып, кеудедегі ауырсыну, ентігу, тәбеттің төмендеуі, жалты әлсіздікке ұласады. Егер сізде осындай белгілер байқалса, дереу дәрігермен кеңесу керек. Дәрігер науқасты тексеріп, қажет болған жағдайда қосымша тексерулерді, соның ішінде өкпенің рентгенографиясын және компьютерлік томографияны тағайындайды», – дейді онколог.

Дегенмен, аурудың бастапқы кезеңдерінде де науқас өз жағдайындағы өзгерістерді сезінуі мүмкін. Әдетте, бұл соншалықты айқын белгілер болмауы мүмкін, сондықтан аса мән бермей жүріп қалады. Адамда түсініксіз әлсіздік, шаршау байқалып, жұмысқа құлшынысы азайып, тәбеті де төмендеуі, салмақ жоғалтуы мүмкін және температураың төмен дәрежелі деңгейге дейін мерзімді көтерілуі мүмкін.

«Дәрігерлерге тұрақты қаралып жүріп, өкпенің қатерлі ісігін өте ерте сатысында, дер шағында анықтап, нәтижесінде сауығып кетуге болады. Ісік анықталғаннан кейін дәрігер олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және сәттілікке барыныша мүмкіндік беретін жеке емдеу жоспарын жасайды», – дейді онколог.

Дәрігердің айтуынша, бұл дертпен күресудің басты қаруы – алдын алу. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстанып, темекі шегуден бас тартып, үнемі медициналық тексеруден өту керек.

**Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Эльмира МАНАТАУОВА,
№16 қалалық емхананың психологы:

ОЙ-СЕЗІМІҢІЗБЕН БӨЛІСІП ОТЫРЫҢЫЗ

Жақындарыңыздан қолдау іздеңіз және ұсынылған көмекті қабылдауға дайын болыңыз. Сіз барлығымен жалғыз күреспеуіңіз керек. Өз ойларыңыз бен сезімдеріңізді жақын адамдарыңызбен немесе маманмен бөлісіңіз. Сізге қуаныш сыйлайтын істерге уақыт бөліңіз. Бұл – серуендеу, оқу, музыка тыңдау, мәдени іс-шараларға қатысу, хоббимен айналысу және т.б. Теріс ойларды өзіңізден алыстатыңыз, өзіңізді позитивті ойлауға дайындаңыз, қазіргі жағдайыңыздан артықшылықтарды іздеңіз. Мысалы, сіз жұмысқа бармай, балаға барлық көңіл мен қамқорлықты бере аласыз. Сондай-ақ, жаңа нәрсені үйренуге немесе қызықты кітап оқуға мүмкіндігіңіз бар. Нәресте ұйықтап жатқанда немесе оған күйеуіңіз не әжесі қарап қалғанда, көшеге шығыңыз. Өзіңізге ұнайтын нәрсені жасауға тырысыңыз. Түйіндей айтқанда, өзіңізге қамқорлық жасауды, физикалық және психикалық саулығыңызды бақылауды ұмытпаған жөн. Қажет болса, сіз өзіңіздегі мәселені кейінге қалдырмай, әрқашан психолог-маманға жүгіне алатыныңызды ұмытпаңыз.



(Сурет: m.kun.uz)



Суреттерді түсірген Салат ҚҰСАЙЫНОВ.



ӘКІМ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ШЕШІЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапарымен Медеу және Түрксіб аудандарын аралады

Досбол
АТАЖАН

Спорт кешені ашылады

Нысанның дайындығына қарамастан, техникалық паспорттың болмауына байланысты кешенді іске қосу мүмкін емес. Ерболат Досаев техникалық құжаттаманың жағдайын 2024 жылдың қаңтар айының соңына дейін анықтауды және ДСК-нің ашылуын шағынауданның 14 мыңнан астам тұрғыны күтетінін, іске қосу процесін жеделдетуді тапсырды.

– «Алатау» шағынауданындағы денешынықтыру-сауықтыру кешені географиялық жағынан ең шалғайы, бірақ ол шағынаудан тұрғындары үшін спорттық инфрақұрылымның жетіспеушілігін өтей алады, – деді қала басшысы.

Ал Түрксіб ауданындағы жаңа ДСК ауысымына 200 баланы қамтуға есептелген. Мұндағы жұмыстар 2022 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеумен «КапРемПроект» мердігерлік ұйымы айналысады. Құрылыстың басталуы 2024 жылдың маусымына жоспарланған. Бұл жоба спорт басқармасымен бірлесіп, жұмыс жасайтын жаттықтырушылардың, Халықаралық жүзу федерациясының ережелерін және ҚР Ұлттық атқыштар қауымдастығының ұсынымдарын ескере отырып әзірленді. Спортшылар үшін 40 орынды 3 киім ауыстыратын бөлме қарастырылған: әрқайсысында душ, жуынатын бөлме болады. ДСК-де 50 метрлік бассейнен басқа, медициналық пункт, түгендеу және жаттықтырушы бөлмесі, сондай-ақ жылыту және дайындық залы болады.

Ерболат Досаев «Авиатор» стадионындағы алаңды ретке келтіруді, сондай-ақ ДСК ғимаратының сапалы қасбеттік жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Қала басшысы жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешеніндегі бассейн ҚР Су спорт түрлері федерациясының талаптарына сәйкес салынғанын атап өтті: ұйымнан рұқсат беру құжаты кез келген деңгейдегі, соның ішінде халықаралық деңгейдегі жүзу бойынша жарыстар өткізуге мүмкіндік береді.

Ең ірі инвестициялық жоба

Алматыдағы ең ірі қойманың базасында автокөлікке техникалық қызмет көрсету саласындағы мамандар даярлау үшін оқу орталығы ашылады.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Түрксіб ауданының тұрғындарымен кездесу кезінде Д.Қонаев атындағы өндірістік кооператив аумағындағы алаңы 30 га «А» класындағы заманауи қойма құрылысының барысымен танысты. Жаңа нысан ірі жүктерді уақытша сақтауға арналған. Бұл 20 мың шаршы метр қоймасы бар кешен. Қазір салынып жатқан уақытша сақтау қоймасы – мегаполистеің ең ірі инвестициялық жоба. Оның ерекшелігі, еуростандартқа сай барынша жарақтандырылуында: уақытша сақтау қоймасында автоматты өрт сөндіру жүйесі енгізіледі, автономды жылыту және кондиционер, сонымен қатар, электр қуатының баламалы көзі ретінде күн батареяларымен қамтамасыз етіледі. Нысанның барлық аумағында заманауи жарықтандыру аспаптары орнатылып, жеңіл және жүк көлігіне арналған алаңдар көзделген. Түрксіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров қала басшысына 2022

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында «Алатау» шағынауданындағы жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешені (ДСК) аралап, «Авиатор» стадионының аумағындағы ғимарат құрылысының жобасымен танысты. Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин денешынықтыру-сауықтыру кешенінде шағын футбол, баскетбол, волейболға арналған әмбебап спорт залы, 6 жолдық бассейн, балалар бассейні, жүзушілерге арналған құрғақ және күш сынайтын залдардың болатынын баяндады. Жүзу, еркін күрес, дзюдо, ауыр атлетика, шахмат секцияларын ашу жоспарлануда. Мұнда бір ауысымда 149 бала қатыса алады.

жылдың наурыз айында басталған қойманың құрылысы аяқталғанын баяндады. Жұмыс 98%-ға бітіп, шатыр монтаждальп, ғимарат сейсмикалық күшейтілді, ішкі әрлеу, инженерлік желілер жүргізіліп, асфальт төсеу арқылы аумақ абаттандырылды. Желтоқсан айында жұмыстар толық аяқталады. Жобаның бірінші кезеңіне 7 млрд теңге инвестиция салынған.

Қазіргі уақытта Алматыда «А» класты қоймалар 99,2% жүктелген. Жаңа уақытша сақтау қоймасы жүктемені қайта бөлуге және логистикалық қарым-қатынастарды қайта құруға мүмкіндік береді. Бүгінде қойма инвесторлары «Komatsu» құрылыс техникасының әлемдік өндірушісі, спорт тауарларының ірі сатушысы «Спортмастер» мен «Тойота моторс» және уақытша сақтау қоймасының базасында орналасқан оқу орталығы сынды белгілі брендтермен келісімге отырды. Осылайша қойма аумағында Қазақстанның барлық өңіріндегі сервис орталықтардың шеберлері оқытылады. Бұл мамандарға ешқайда бармай-ақ біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұрын мұндай мүмкіндік тек Санкт-Петербуркте болатын.

2024 жылы уақытша сақтау қоймасының жобасын кеңейту жоспарланған – ауданы 25 мың шаршы метр екінші қойма салынады. Инвестиция көлемі 7 млрд теңге.

«Көк базардың» тарихи келбеті сақталады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Медеу ауданын аралау барысында қазіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатқан қаланың көрнекті және көне орындарының бірі «Көк базарға» барды. Айта кеткен жөн, павильондарды жаңғырту 2023 жылдың шілдесінде басталды. Оны 2025 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге ҚазКСҒЗИ зерттеу қорытындысы алынды. Қайта құру кезінде базар штаттық режимде жұмыс істеп тұрады.

Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берік Солтанбаев Алматы қаласының әкіміне жобаны жүзеге асырудың кезеңдері мен перспективасы туралы баяндады. Оның айтуынша, инженерлік желілерді қайта құру қарастырылған. Қазірдің өзінде ол 40%-ға аяқталып, сауда алаңдары жаңғыртылып, кіреберіс күшейтіліп, жаңартылды.

Ерболат Досаев «Көк базарды» жаңғыртуды жүргізу Мемлекет басшысының биыл Қазақстан халқына Жолдауына, анығы, орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша айтқан міндетіне сай келетінін атап өтті.

«Көк базар» – қаладағы ерекше орын.

Мұнда тұрғындар мен қала қонақтары сауда жасауға келіп қана қоймай, оның ерекше атмосферасын сезінеді. Оны бұзбай сақтап, төбесі жабылған базар жасаған жөн. Бастысы, ретке келтіру, бірақ «Көк базардың» қаланың мәдени мөнісі және туристік орны болып қала беруі маңызды. Себебі, Алматы «Көк базар-сыз» – Алматы емес, сондықтан қаламыздың тарихи орталығын сақтауды сұраймын», – деді Ерболат Досаев.

60 жылда алғаш рет тазартылады

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Түрксіб ауданына жұмыс сапары барысында Әуежай көлін механикалық тазарту бойынша дайындық жұмыстарымен танысты. Тазарту 1963 жылы су қоймасы пайда болғаннан бері алғаш рет жүзеге асырылады.

Әуежай көлі қаланың төменгі бөлігінде, Түрксіб ауданында орналасқан. Су қоймасының толымдылығы 1 250 000 текше метр, орташа тереңдігі шамамен 8 метр. Көл халық арасында танымал: су қоймасына күніне мыңнан астам адам келеді. Түрксіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров қала басшысына жобаға сәйкес түбін лай мен қамыстан механикалық тазарту, түбін тереңдету жұмыстары және т.б. жоспарланғанын баяндады.

Қала әкімінің тапсырмасы бойынша осы ауданда қоғамдық кеңістік құрылып, қосымша көгалдандыру, жағалауда демалу үшін шамдар мен көше жиһаздарын орнату қамтамасыз етіледі. Жұмыстар Элеватор көшесі бойымен Сүйінбай даңғылынан Орджоникидзе көшесіне дейін жүргізіледі. Айта кеткен жөн, Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2023 жылы 50 жылда алғаш рет Сайран көлінің түбі тазартып, 140 мың текше метрден астам коқыс пен лай шығарылған еді. Осындай жұмыстар Қарасу көлінде де жүргізілді.

Оқу орындары үлкейеді

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Түрксіб және Медеу аудандарының тұрғындарымен кездесулер кезінде №47 және №195 мектептер жанынан салынатын қосалқы нысандар құрылыстарының жобаларымен, сондай-ақ бірқатар шағынаудандарда инженерлік желілер салу жұмыстарының барысымен танысты.

Қала басшысының тапсырмасы аясында «Каменское платодағы» жалғыз №47 мемлекеттік мектепте 300 орынды бастауыш сыныптарға арналған екі корпус пайда болады. Бұл оқу орны 1971 жылы салынған және күрделі жөндеу бір рет жүргізілген. Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин қала басшысына жобаға сәйкес ауданы 400 шаршы

метр болатын бір қабатты корпустың бұзылатыны, қолданыстағы үш қабатты ғимараттың реконструкцияланатыны әрі 3200 шаршы метрге екі жаңа ғимарат салынатыны туралы баяндады. Жұмыс барысында спорт залын 2500 шаршы метрге жаңғырту жоспарланған.

Сондай-ақ, жұмыс сапары барысында қала басшысы тағы бір оқу орнына барды. №195 мектеп «Әлмерек» шағынауданында 5000-нан астам тұрғынға арналған жалғыз білім беру орны. Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша құрылыс басқармасы 450 оқушыға арналған қосалқы нысанның құрылыс жобасын әзірледі. Жұмыстарды аяқтау 2025 жылға жоспарланған.

20 мыңнан астам адам сумен қамтамасыз етіледі

Қаланың оңтүстік бөлігін жерасты сумен жабдықтау көздеріне қосу жөніндегі алғашқы аукымды жобаның құрылысы биыл 25 желтоқсанға дейін аяқталады. Бұл туралы қала басшысы Ерболат Досаевқа Медеу ауданын аралау барысында баяндады. Биыл мамыр айында төрт жаңа су көзінің құрылысы басталған. Сонымен қатар, «Балқаш» резервуары мен сорғы бекетін толық қайта құру туралы шешім қабылданды. Жоба аясында Медеу ауданының инженерлік желісі мен нысандары жерасты су жинағыштарының қосымша қолда бар қуатына қосылады.

Қала басшысына аудан әкімі Еркебұлан Оразалин баяндағандай, резервуарларды салудан басқа, қолданыстағы «Каптаж» сорғы станциясының жанындағы қолданыстағы үш ұңғыманы қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Жүргізіліп жатқан жұмыстар ұңғымалардан алынатын су көлемін екі есеге жуық арттыруға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде резервуарлардың құрылысы «Каменск үстірті», «Юбилейный», «Көлсай» және «Мұзтау» шағынаудандарының 20 мыңнан астам тұрғынын сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Медеу ауданының тұрғындарымен кездесу кезінде 20 мыңнан астам адам тұратын «Думан» шағынауданындағы су резервуарларын, магистральдық су құбыры мен сорғы станциясын қайта жаңарту барысын тексерді. Сумен жабдықтау мәселесі тұрғындарды 11 жылдай алаңдатып келеді.

Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин қала басшысына ауызсу тапшылығы проблемалары және «Думан» шағынауданындағы ауызсумен жабдықтаудың қосымша көзін қамтамасыз ету жөніндегі даму жоспарлары туралы баяндады. Бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған резервуарлардың өткізу қабілеті тәулігіне 2,6 мың текше метрді құрайды. Жазғы кезеңде тәулігіне 2,2 мың текше метр тұтыну тапшылығы байқалады, бұл ретте көппәтерлі үйлердің 4-5-қабатына су жетпейді. Бұдан басқа, шағынаудан аумағында 2025 жылға дейін пайдалануға берілетін жаңа тұрғын үй кешендерінің құрылысы жүргізілуде, бұл өз кезегінде «Думандағы» халықтың өсімін 15 мың адамға арттырады және су тұтынудың қосымша тапшылығын тудыруы мүмкін.

Ерболат Досаев нысанды техникалық тексеруді дайындауды жеделдетуді және жобаны құрылыс басқармасына жедел беруді тапсырды.



ӘУЕСҚОЙ ӘЛЕМ



Еренғайып ҚУАТАЙҰЛЫ, марафоншы:

ЖҮГІРУ 72 ТҮРЛІ АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Талантты адам қай салада, қай істе де талантты. Әрекетінде берекет, нәтиже бар. Сонау 2000 жылдардың басында Еренғайып Қуатайұлы салмақты ой, байыпты байламдары оқырманға ой салар, санасы сергек, қаламы жүрдек журналист ретінде танылды. Одан кейін кәсіпкерлікке бет бұрып, бел шеше кірісуге кез келген адамның тәуекелі бара бермейтін тың іс бастады. Табандылығы, еңбекқорлығы арқасында шаруасын табысты дөңгелентіп, кәсібін жүйелі жолға қойды.

Енді бір мезетте салауатты өмір салтын насихаттап, спортқа бой ұрды. Жай насихаттап қана қоймай, оны өзінің әдеттегі өмір үрдісіне айналдырды. Тау шаңғысымен шұғылданды, альпинистерді дайындайтын секцияға мүше болып, қарлы шыңдарды бағындыруға да ұмтылды.

Мұның сыртында Еренғайып жүгірумен де айналысып, халықаралық ірі марафондарға қатысты және осы орайдағы бір талпынысын жақында жақсы нәтижемен аяқтап, Нью-Йорктен қуанышты оралды. Ендігі әңгімені үндемей-ақ үлкен іс бітіріп жүрген азаматтың өз аузынан тыңдайық...



Роза
РАҚЫМҚЫЗЫ

– Еренғайып, әлемдік деңгейдегі ірі марафонға қатысып, жақсы нәтиже көрсеткеніңді естіп жатырмыз. Құтты болсын! Енді осы марафондардан алған әсеріңмен бөліссен?..

– Марафон деген мен үшін саяхат жасауға бір себеп. Әрине, шет елдерге басқа жолмен де барып, саяхаттап қайтсаң болады. Бірақ марафон арқылы саяхат жасаған жақсы. Бұл – бір жағынан, қайырымдылық шарасы. Қатысу үшін біз арнайы жарна төлейміз. Ол ауру-сырқау, мұқтаж балалардың ем-домына жұмсалады. Одан бөлек, көмектесу арқылы біреулерге мотивация, ерік-жігер бересіз. Жеңіске деген ұмтылыс арқылы өзіңізді қайрайсыз, өзіңізді жаниңыз. Әлемде миллионға жуық марафон бар. Менің қатысқаным – ерекше статус берілген, 6 мэйжор марафоны. Оған Чикаго, Бостон, Нью-Йорк, Берлин, Лондон және Токио кіреді. Қазақстанда 6 мэйжор жүгірген 9 адам бармыз, мен сегізіншісі болып финишке кірдім.

– Өзін журналистсің, жемісті жүргізіп жатқан жақсы кәсібің бар. Марафонға қызығушылығың қалай басталды?

– Журналистикадан кеткеннен кейін енді жеке жұмыс істеп көрейін, өз күшімді өзіме жұмсайын деп, кәсіпкерлікпен айналыстым. Біраз жыл отырып, тапжылмай жұмыс істеу керек болды. Көп отырғаннан кейін салмақ қосылды. Бойым – 169 см, ал салмағым 90 кг-дан асып кетті. Жүгіруді салмақпен күресейін деп бастағам, сөйтіп, бір старттарға қатысқаннан кейін қызығына түсіп кеттім. Шай мен кофеге үйренген адам оны ішпесе қандай күйде болады, менде де тура сондай жағдай. Солай басталып, қазір енді 6 мэйжорды бір жарым жылда жүгіріп өттім. Бұл – менің негізгі шаруам емес, жұмыстан тыс уақыттағы хоббиім ғой. Адам хоббині де ақуіейк деңгейіне көтеріп айналысуы керек деп ойлаймын.

– Күніне неше шақырым жүгіресің?

– Күніне 10–15, жалпы, айына орта есеппен 400 шақырым жүгіріп отырамын. Егер ай сайынғы көрсеткішім осындай болса, онда мен кез келген марафонға дайынмын деген сөз. Таңертең жүгірсем өзімді жақсы сезінемін, көңіл

күйім де көтеріледі, жұмысым да жақсы жүреді, адамдармен қарым-қатынасым да жақсы болады. Оның үстіне жүгіру 72 түрлі аурудың алдын алады екен. Мен ол туралы көптеген деректі фильмдер көрдім, материалдар оқыдым, бұл өте пайдалы екен, негізі. Содан міне, 5 жыл болды, жүгірумен тұрақты түрде айналысып келе жатырмын.

– Бірақ беталды жүгірге беруге болмайтын шығар. Оның да өзінің бір жөні, нормасы бар шығар?

– Әрине. Жүгірмес бұрын толықтай дәрігерлік тексерістен өту керек. Бірінші, жүректі тексерту керек. Мысалы, кейбір адамдарға жүгіруге мүлде болмайды. Оның да өзінің техникасы бар. Сондықтан арнайы бапкердің кеңесімен, көмегімен бастаған дұрыс. Мен өзім марафонның алдында да, одан кейін де мұқият тексеріліп аламын.

– 6 мэйжор жалпы алғанда қанша шақырымды құрады?

– Әр марафон 42 шақырымнан тұрады. Геродоттың жазуы бойынша, біздің эрамызға дейінгі 460 жылы Марафон қаласында, қазіргі Грекияда парсылар мен гректер арасында үлкен соғыс болады. Сол соғыста керемет тактикалық әдіс-тәсілмен гректер жеңеді. Соның ішінде бір жауынгер қатты қуанып, «біз жеңдік!» деп, Афиныға жүгіріп барып, сол жерде зорығып өледі. Майдан даласы мен сол араға дейінгі қашықтық шамамен 42 шақырым болған деседі. Кейіннен 1896 жылы Олимпиадаға осы марафонды кіргізген. «Марафон» деген – қаланың аты. Мұның тарихы осылай басталған.

– Марафонда жүгіріп келе жатқан кезде өзіне қандай ойлар келеді? Бойыңды қандай сезім билейді?

– Мысалы, Бостон марафонында жүгірген кезде 30 шақырымнан кейін аяғымның сіңірі тартылып қалды. Ол өте қиын, кейбір адамдардың сіңірі қайтып орнына келмей қалады ондайда. Сол кезде мен тура жанымнан протезбен жүгіріп бара жатқан адамды көрдім де, өз-өзімді қамшыладым, сол мені қайрады. Негізі, бүкіл мәселе – адамның мыында. Ми қандай сигнал береді, бүкіл дене соған бағынады, солай басқарылады. Протезбен жүгіріп келе жатқан кісіні көріп, мен адам баласының мүмкіндігі шексіз екенін, рухы мықты адам кез келген сы-

нақтан сүрінбей өтетінін түсіндім. Сол жерде миым басқаша жұмыс істеп, сіңірім жазылып, мәреге жақсы нәтижемен жеттім.

Тағы бір марафондарда, мысалы, «мен федерация мүшесі немесе кәсіпқой спортшы емеспін, халықтың салығынан түскен ақшаға келген жокпын, өз-өзіммен жүрген адаммын, ешкім менен ештеңе күтіп отырған жоқ, маған осы не керек, жолдан шыға салсам да болмай ма?» деген де ойлар келеді. Бірақ марафон адамды жеңіске итереді, жігерлендіреді. Ондай ойлардың болғаны да жақсы. Сөйтіп, адам өзімен өзі айқасады. Марафонның кереметтілігі де сонда, басқамен жарыспайсың, өз ойыңмен, өз ішіндегі жалқаулығыңмен текетіреске түссің, бойыңдағы жаман қасиеттеріңмен күресесің. Маған сонысымен де ұнайды марафон.

Жалпы, марафон – адам баласы физикалық және психологиялық тұрғыда, өзімен өзі ең ұзақ арпалысатын спорт түрі. Мысалы, ең ауыр деп айтылатын бокстың өзі 2 минуттан, 3 таймда бітеді. Күрес те сондай. Ең ұзаққа созылатын футболдың өзінде футболшылар 90 минут бойы ойнай бермейді, 45 минуттан кейін біраз демалады. Ал марафонда, менің деңгейімде, 3 сағат бойы жоғары нотамен, физикалық, психологиялық арпалыс болады. Сондықтан бұл – адамның ерік-жігерінің қаншалықты деңгейде екенін көрсететін өте ауыр спорт.

– Осы 6 марафон барысында өзге елдерден қатысушылармен таныс-біліс болып, жақсы араласып кеткен кезің болды ма?

– Иә, ондай жағдайлар бар. Мысалы, мен Бостонда жүгіргеннен кейін Британияда тұратын Кевин деген жігітпен таныстым. Ол интер-

нет арқылы маған хат жазды. Кейіннен екеуіміз Чикагода, Токиода, Берлинде, Нью-Йоркте бірге жүгірдік. Лондонға барған кезде мені үйіне қонаққа шақырды. Ол менен 4 жас үлкен, бірақ нәтижесі менімен шамалас. Өзі өте білікті дәрігер. Бір қызығы, Лондонға барғанда мен оған сыйлыққа қазақша шапан, бөрігімен алып барғам. Бізде әдетте ондай киімді мерекелік шараларда киеді ғой. Түнде үйіне қондық, таңертең тұрсақ, Кевин шапанды киіп алыпты. Сөйтіп мен кеткенше соны жұмысына киіп барып жүрді, мен кеткеннен кейін де үстінен тастамапты. Жұмысындағылар да: «Мынау не деген әдемі киім!» деп сұрап киіп, суретке түсіп, фотоларын әлеуметтік желілерге салыпты. Ал Кевин Лондонда сол шапан мен тақияны киіп, метрода, қоғамдық көлікте әлі солай жүр. Марафоннан басқа да сондай қызық тағдырлы достар таптым.

– Әр қалада қанша уақыт болдың? Әр мэйжор неше сағатқа созылады?

– Марафон бір күн ғана болады, 6 сағат лимит береді. Таңертең сағат 8-де, не 9-да старт болады, 6 сағаттың ішінде 42 шақырымды жүгіріп өтуіңіз керек. Негізі, sub 3 дейді, яғни бұл – сол қашықтықты 3 сағаттың ішінде жүгіріп өту деген сөз. Ол өте жақсы нәтиже болып саналады. Менің марафондағы ең жақсы нәтижем – 2 сағат 50 минут, яғни 42 шақырымды мен осы уақыт аралығында жүгіріп өткен. Жалпы, 6 мэйжорда да 3 сағатқа жетпей, мәреге келдім.

Қай қалаға болсын, марафонға 2-3 күн қалғанда барамын. Марафоннан кейін де бірнеше күн болып, қаланы, музейлерді аралап, сол елдің дәстүрін, халқының мінез-құлқын, тыныс-тіршілігін бақылаймын.

– Қайсы марафонның қашан, қай кезде өтетіні арнайы хабарлана ма?

– Иә, әрқайсысының өзінің сайты бар. Жүгіретін адамдар қай мэйжордың қай кезде өтетінін жатқа біледі. Бостон, Лондон марафондары көктемде, Берлин, Чикаго, Нью-Йорк күзде, Токио марафоны наурызда, сақура гүлдейтін кездің алдында болады. Барлығы жексенбіде, тек Бостон марафоны ғана дүйсенбі күні өтеді. Ол Америка патриоттарының күні мерекеленетін сәуірдің соңғы дүйсенбісіне орайластырылып қойылған. Мэйжор марафонында кем дегенде 50–60 мың адам жүгіреді.

– Соншама көп адам жүгіргенде трассада бірін-бірі қағып-соғып, таптап, жарақаттап кетпей ме?

– Марафонның «мэйжор» аталуының өзі тегін емес. Халықаралық марафон қауымдастығы деген бар. Шараны өткізетін ел соны қалай ұйымдастырады, соншама адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ете ала ма, жүгіруге жолы ыңғайлы ма, қонақүйлері жеткілікті ме, сол ұйым соның барлығын зерттеп барып береді ол статусы. Сосын оның өз тәртібі бар. А, Б, С деп кластерге бөледі. Марафонға тіркелген кезде «42 шақырымды шамамен қанша уақытта итересің?» деген сұрақ болады. Біз өз нұсқамызды айтамыз. Соған байланысты топтастырып, жылдамырақ жүгіретіндерді Элит дегенге қояды. Оған көбіне кениялық, африкалықтар кіреді. Одан кейін А кластері жүреді, мен өзім

көбіне соған түсемін. Бізден кейін Б, С топтары жүреді. Солай топтап жүгіртеді. Егер 60 мың адамды бірден қоя бере салса, әрине, бір-бірін таптап кетеді.

– Бір жарым жылдың ішінде соншама жерге бару, шет елде жүріп-тұру өзіне қиынға соқпай ма? Әлде демейсің бар ма?

– Жоқ, бәріне өз есебімнен барамын. 10 жылдан бері кәсіпкерлікпен айналысамын, салық төлеймін. Өзім таңдаған хоббиім болғаннан кейін шығынын да өзім көтеруім керек қой. «Көмектес» деп неге біреуге қол жаюым керек? Шамам келмесе, айналыспауым керек.

Сосын Еуропада, басқа да елдерде кәсіби спортшыларға мемлекеттен қаржы бермейді. Бұл, негізі, дамушы мемлекеттерде ғана бар нәрсе. Спортқа деп қыруар қаржы бөліп, соны пайдаланып, жемқорлыққа жол беріп жатады бізде. Мысалы, Норвегияда халықаралық олимпиадада әлем чемпионы болған бір шаңғышы – қарапайым инженер. Жұрт қатарлы 8 сағат жұмыс істейді, ал бос уақытында шаңғы тебуге айналысады. Соған «чемпион болып келдің ғой» деп үй беріп, машина беріп, төбесіне көтеріп жатқан ешкім жоқ. Ол – әркімнің өз қалауы, өз шаруасы. Солай болуы керек, жалпы.

– Елдің атын шығарды, «мемлекеттің намысын қорғады» деп құрметтеңіз ғой біз...

– Ол – енді дамушы елдердің кембағалдық ұғымы. Көптеген елдерде ондай түсінік жоқ. Мен жалпы, «дамытамыз» деп, кәсіби спортқа бюджеттен қыруар қаржы бөлуге қарсымын. Өз басым бұқаралық спортты, салауатты өмір салтын насихаттаушымын, соны қолдаймын. Кәсіби спорттан гөрі, ғылым, білім, техниканы дамытуға көңіл бөлу керек, өзімнің пікірім сондай.

– 6 марафонға қатыстың, жақсы нәтиже көрсеттің, қандай да бір марапат, сыйлық алдың ба?

– Жас санатына байланысты орындар, марапаттар болады. Әлемде жалақылар көп. Мэйжорлар ішінде оған менің деңгейім жетпейді. Ал Қазақстанда тауға жүгіруден, жазыққа жүгіруден өз санатым, яғни 40–44 жас арасында көптеген жүлделер алдым. Мен Young runner деген клубта жаттығамын. Бапкеріміз – рекордсмен, Рио-де-Жанейрода өткен олимпиадаға қатысқан Михаил Красилов. Осы клубта Сергей Апенко деген кісі бар, 63 жаста. Сол кісі екеуіміз осы Нью-Йоркте жүгірдік. Ол 60–64 жас арасы санатында чемпион болды, мысалы. Марапатталды, бірақ не алды, аса қызықпағаннан кейін ол жағын білмеймін. Негізі, Нью-Йоркке Қазақстаннан 8 адам бардық. Соның ішінде осы Сергей екеуіміздікі – 6-шы мэйжор болды, қалғандарыныңкі әлі оған толмаған. Орта Азия бойынша 6 мэйжор жүгірген 9 адам бар және соның 9-ы да – біздің Қазақстандық. Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, жалпы, көрші-қоландарымызда 6 мэйжор жүгірген ешкім жоқ әлі.

– Сыйлық алса да, алмаса да, жақсы нәтиже көрсеткенің өзі үлкен жетістік қой. Марафоншылар сол қуанышын әдетте қалай атап өтеді?

– Түрлі қызық рәсімдер бар. Медальдарын мойнына асып алып, 3 күн бойы сол қаланың көшелерін аралайтындар болады.

– Марафоншыларға қалада қандай да бір жеңілдіктер жасала ма?

– Иә. Кейбір қалалардың қоғамдық көліктері, метролар тегін болады. Медаль тағып кірсең мейрамханалар, кафелер тегін тамақтандырады. Көшеде кез келген адам құттықтап, қошемет көрсетеді. Сондай қызық дәстүрлер бар. Мысалы, Чикагода 40 мың адам жүгірді. Сонда көшеде бізге сан миллиондаған адам қол соғып, дем беріп тұрды. Бұл жерде марафон мәдениеті, көпшіліктің қолдауы деген бар. Бізде керісінше, «жолды жаптындар» деп ренжіп, тісін қайрап кетеді жүрт.

– Бір жағынан, марафон қайырымдылық шарасы екенін айттың. Әрбір қатысушы оған қанша жарна төлейді?

– Біз 250–300 \$, кейбір марафондарда 1000 долларға дейін жарна төлейміз. Ұйымдастырушылар сол миллиардтаған ақшаны қайырымдылық шарасына жұмсайды да, қатысқан 60 мың адамға 60 мың хат жібереді. «Осынша ақша түсті, мына ақшаны мынаған жұмсадық, ананы өйттік, мынаны бұйыттық» деп есеп беріп, «осындай қайырымдылық шарасына қатысқаныңыз үшін сізге көп рахмет» деп алғыс айтады. Ақшаны жеп қою деген түсінік жок оларда. Марафон – үлкен туризм, үлкен ақша. Марафонның қарсаңында сол қаладағы қонақүйлердің, мейрамхана, сауда, қызмет көрсету орындарының бағасы қымбаттайды. Кем дегенде 100 мың турист келеді. Бұл – сол елдің орта және шағын бизнесіне үлкен серпін.

– Сөз арасында жүгіру 72 түрлі ауруға ем екенін айттып қалдың. Мысалы, ол – қандай аурулар?

– Ең алдымен, асқазанға жақсы екен, бүкіл ішек жұмысы, зат аласу жақсарайды. Өкпе, демікпе, простатит аурулары болмайды. Бүкіл қан айналымы реттеледі. Ең абзалы, күніне 3–5 шақырым жүгіруді әдетке айналдырған жөн.

Маған жүгірген бала кезімнен ұнайды. Ол кезде жетіскен кроссовки де жоқ, жалаңаяқ жүгіретінімін. Моңғолияда ауылымыз тастақ жер болатын. Сол кезде білетіндер: «жүгіргенде кәдімгі тағалы ат сияқты, табаныңнан тас шашатысың» деп әзілдеп жатады кейде. Бала кезімнен табиғаттама тән, жүгіруге деген сол құштарлық 40 жасымда қайта ояндды ғой.

– Әсерлі әңгімеңе көп рахмет! Жолың әрдайым тегіс, олжан – үнемі жеңіс болсын!



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

«АНАММЕН ҚАУЫШАТЫН КҮНДІ КҮТІП ЖҮРМІН...»

немесе балалар колониясындағы бір күн

Елімізде бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеп жатқан 14–18 жас аралығындағы жасөспірімдер отырған колония бар. Алматыда орналасқан. Ресми атауы – Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекеме. Бүгінде мұнда сотталған 49 бала бар. Олардың 33-і аса ауыр қылмыс жасаған, 15-і ауыр қылмысқа барған. Алматы қаласынан – 1, іргеміздегі Алматы облысынан 4 бозбала жазасын өтеп жатыр.

Колонияның сыртқы табалдырығынан аттағаннан-ақ тәртіптің тым қатал екені байқалады. Қос-қостан орнатылған темір есіктерінің өзі сарт-сұрт етіп ашылып, жабылғанда, кәдімгідей тіксініп қаласың. Ішке бүкіл затыңды кіреберіске қалдырып, үсті-басыңды мұқият тексеруден өткізген соң ғана кіресің.

Сағат 06.00.

Жазасын өтеп жатқан жастар ұйқыдан тұрды. Олар күнде осы уақытта оянуға тиіс. Үйдегідей еркелеп, керіліп-созылып, өзін білем қашан тұрсам да деп жататын жер емес бұл.

Балалар он бес минуттай бойын сергіту жаттығуларын жасады. Бәрі емес бірақ, бұл тұрғыда міндеттеу жоқ, қаламағандары денені шынықтыру жаттығуларын жасамайды, олар бірден төсектерін жинауға кірісіп, жуынуға кетіп жатыр.

Олар төсектерін жинауға әбден машықтанып алғанға ұқсайды. Төсек жамылғысының салбырап не жиырылып тұрған бір жері байқалмайды, пышақтың қырындай түп-түзу, жап-жинақы. Осы жастардың көбі бостандықта, яғни үйлерінде жүргенде дәл осылай төсектерін келістіріп жинамаған да шығар-ау!

Сағат 07.00.

Олар таңғы асқа келді. Мұнда да тәртіп. Жасақ бастығы және күзет қызметі біреуін де көзден таса етпей, қадағалап тұр. Асханада аспазға жазасын өтеп жатқан балалар арасынан көмекшілер тағайындалады екен. Жасөспірімдерді ол да еңбекке баулуға жатады. Түннен түгел шыққан жазасын өтеушілер бір-бірімен шүйірлесіп шай ішіп отыр.

Сағат 07.45.

Балалар түзеу мекемесі аумағына, таза ауада серуендеуге шықты. Сонымен қатар, ҚР ҚАК-ның 121-бабына сәйкес, өздері тұрып жатқан колония аумағын тазалау жұмыстарына қатысып кетті. Бірі тауықтарға, енді бірі аппақ кептерлерге жем шашып жүр.

Түзеу мекемесіне кіріп келгенде, ауласынан көлденең жатқан бір шөпті көрмедік. Байқасақ, осында жазасын өтеп жатқан балалардың өзінен ештеңе артылмайтын сияқты, айналаны таза ұстайтын өздері. Ертең қалың қар түссе де, өздері-ақ күреп тастайтыны сөзсіз.

Анау аппақ кептерлер осы мекемеге, балаларға әбден үйреніп алғанына бірнеше жыл болған көрінеді, ешқайда ұшып кетпейді. Олар – балалардың қанатты досы.

Айтпақшы, түзеу мекемесі ауласында балалар көктем шыға салысынан гүл отырғызуды, қияр мен қызанақ егуді бастап, сосын оларды күзге дейін өздері суарып, күтіп, баптайды. Бұл уақытша бас еркіндігі жоқ жасөспірімдер үшін бір жағынан – алданыш, уақытты тиімді өткізу, екінші жағынан – еңбек терапиясы. Ал алқызыл гүлдердің темірдей тәртіпке құрылған мекемеге өзінің жылуын, сұлулығын, нәзіктігін сыйлап тұратыны анық.

Сағат 08.30.

Қазір жарты сағаттан соң сабақ басталады. Иә-иә, олар да жалпы білім беретін мектептегідей білім алады. Соған дейін «таңғы карточкалық тексеру» басталды. №11 мекемесінің «Дағдылы жағдайда ұстау» жасағының бастығы, әділет капитаны Алмас Сейсембеков өзінің қарауындағы барлық баланы мұқият шолып, үсті-бастарына дейін қарап, араларында өзін жайсыз сезініп немесе ауырып тұрған бала жоқ па, оған да жіті мән беріп, тексеріп шықты.

– Бұл балалардың амандығына біз жауаптымыз. Қылмысқа көбі балалықпен, қызбалықпен барғанын, ұрлыққа жоқшылықтан ұрынғанын айтып, өкініп жатады. Шыны



СЕРЖАН, 17 жаста:

– Шымкенттің тумасымын. Мұнда отырғаным 2 жыл, 3 ай болды. Осында отырып кәсіптік мамандық игердім, токарь, слесарь деген сертификатым бар. Бостандыққа шыққанда далада қалмаспын деп ойлаймын. Енді 1 жыл 9 айым қалды. Иә, ата-анамды уайымға батырып, осында отырғаным, әрине, өкінемін. Отбасында үш баламыз. Мен кенжесімін. Еркелікке бой алдырдым ба, әлде қызбалық па, білмеймін. Мұнда отырып сабырлы болуды, ащуды ақылға жеткізуді үйрендім. Иә, әке-шешеммен қауышатын, үйге оралатын күнді асыға санап жүрмін, иштей...

ЕЛНҰР, 18 жаста:

– Істеген ісіме қатты өкінемін. Бұл жағдайдың өзі өміріме үлкен сабақ болды. Болашақта туризм саласының маманы болғым келеді. Өткеннен емес, ертеңнен өмір сүру маңызды мен үшін енді. Анамның сөздеріне құлақ аспағаным, жүре тыңдағаным өкінемін. Ол кісімен кездесетін, қауышатын күнді асыға күтіп жүрмін, көз алдыма елестетіп те қойдым, бірақ сөзбен өрнектеп жеткізе алмаспын. Өмірімдегі жалғыз жанашыр жақынымды мұңайтып, уайымға салып қойғаным үшін ұяламын. Ендігі өмірімде алақанымға салып өткім келеді...

керек, қазіргі күні көп жеткіншектегі әлеуметтік желі, галамтор құртып жатыр. Есірткінің қармағына да сол әлеуметтік желі арқылы ілініп кетуде. Әрқайсысына туған әкелеріне дей болса алмасақ та, дұрыс жол көрсетуге, бағдарлам болуға міндеттіміз, әрі азаматтық парызымыз деп білемін, – дейді Алмас Сағындықұлы.

Сағат 09.00.

Жазасын өтеп жатқан балалар №11 мекемесінің аумағынан орын тепкен №3 жалпы білім беретін мектепке келді. Бұл мектеп Алматы қаласының Білім басқармасына қарайды. 7 ұстаз түзеу мекемесінде штатта жұмыс істесе, 4-еуі сырттан келіп оқытады.

Осы орайда біз №3 жалпы білім беретін мектеп директорының оқу ісі және тәрбие жөніндегі орынбасары Айзада Алиеваны сөзге тарттық.

– Мұнда ұстаздық етіп жүргеніме 15 жылға жуықтапты. Осы жылдар ішінде алдымыздан талай бала өтті. Тек жақсы оқушыларды еске алғанды жақсы көремін. Ал жағымсыз оқушыларды мүлдем ұмытып кетуге, еске сақтамауға тырысамын. Тараздың бір бала әлі есімде, 7-сыныпта алдымызға келгенде, мүлдем әріп танымайтын. Әке-шешесі бар, бірақ бала қараусыз қалып, жетімдер үйінде өскен. Содан біз сол балаға «Әліппені» үйретіп бастадық. Одан ертегі оқып беретінбіз. Әйтеуір баланың жүрегіне адамгершілік, мейірім секілді құндылықтардың дәнін себуге, ата-анасынан ала алмаған жылуды беруге тырыстық. Кейін жазасын өтеп, бостандыққа шығып, арада бірнеше жыл өткенде хабарласып, «сіздерге алғысым шексіз, сіздерден алған жақсы әдет-дағдыларым, кеңестеріңіз алдағы өміріме, кәдеме жарады» дегенде, қуанып қалғанымыз рас. Қазір алдымызда 32 бала білім алып жатыр. Бәрі мектепті бітірген соң мемлекеттік үлгіде аттестат алады, – дейді Айзада Алиева.

Сағат 14.05.

Мектептегі сабақ бітті. Түскі ас. Таңнан бері біраз уақыт өтті ғой, балалардың қарны ашқаны көрініп тұр, бәрі асхананы асыға бетке алуда. Бүгінгі асқа борщ, ал екіншіге қарақұмық берілді. Әрине, үйдің тамағына жете қоймас, бірақ олар мұнда аш емес. Үш мезгіл тамақ беріледі. Тіпті, кешкілік жатар алдында балаларға өз іштерінде жабдықталған «Шайханада» шай қойып ішуіне жағдай жасалған. Олар бір-бірімен әңгімелесіп, бүгін сабақта не өткендерін немесе қандай кітап оқып жатқандарын талқылайтындары да бар.

Балаларға ата-аналарымен кездесуге де арнайы бөлме жабдықталған. Әке-шешесі бауыр еті – баласы үшін бар тәттісін, жылы-

жұмсағын көтеріп келетіні анық. Мол әкелетіні соншалық, басқа балалардың да кейін осы шайханада шай ішуіне жетіп жатады. Демек, мұнда үйдің де бір бөлшегі бар деген сөз. Ал бұл жылылық өз кезегінде жасөспірімдердің отбасы жылылығын сезінуіне, жақсы күндерден үміт үзбеуіне мүмкіндік берері сөзсіз.

Сағат 15.00.

Мекеме тәртібі бойынша балалардың ерігіп, бос отыруына жол жоқ. Олар енді мекеме ішінен ашылған, сонау 1973 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан кәсіптік мектептің сабағына ден қояды. Қазір бұл мектепте 30 оқушы оқып жатыр. Олар токарь, слесарь, столяр мамандықтары бойынша білім алуда. 5 мұғалім сабақ береді. Олардың айтуынша, жастардың кәсіп игеруге деген ынтасы жоғары. Себебі, олар түзеу мекемесінен шыққан кезде қолында маман иесі деген құжаттың болуы маңызды екенін түсінеді. Иә, оларға мемлекеттік үлгіде сертификат беріледі. Бостандыққа шыққан кезде сол сертификаттары олардың тұрақты жұмысқа орналасуына жол ашады. Әдетте, түрмеден шыққан адам қоғамға кіріге алмай, ортасын ұзақ уақыт таба алмай, тіпті, кейбірі қайтадан қылмысқа ұрынып, сотталып кетуі мүмкін. №11 мекеме осы жағына мән беріп отыр. Балалар қалайда мамандық игеріп шығуға тиіс. Ал кәсіп игеріп алған жастар бұл уақытта бос жүрмей, түрлі үйірмелерге қатысады.

Мекемеге Олимпиада чемпиондары жиі келіп тұрады. Олармен жанды диалог орнатқан балаларда өмірге құштарлық, жақсы сәттерден шабыт алу сынды қасиеттер байқалатынын айтады жасақ бастықтары.

Сағат 17.00.

Бұл уақытта балаларға өзінің жан қалауын атқаруына мүмкіндік беріледі. Бір бала сурет

Мұнда жылына бір рет «Ашық есік» күні өтеді. Бұл күні балалар ата-ана, ата-әжесімен, бірге туған бауырларымен кездеседі, екі күн бірге болады. Ал жол алыс болып, келе алмай қалған ата-аналар балаларымен скайп арқылы тілдеседі, бір-бірін онлайн болса да көріп, сағынышын басады. Балалар мекеме ішіне орнатылған терминалды пайдалана алады. Мәселен, олар бостандыққа мерзімінен бұрын босатуды сұрап, құзырлы органдарға онлайн-өтініш қалдырады. Иә, бұл мекемеде де мерзімінен бұрын босап шығуға мүмкіндік бар. Онда да тәртібі дұрыс, мекеме талаптарын бұзбаған, өзін жақсы жағынан көрсете білген сотталған бала кесілген жаза уақытынан бұрын босатылады. Әділет капитаны Алмас Сейсембеков сотталған жастардың 80%-ының мерзімінен бұрын босап шығатынын тілге тиек етті. Бұл – түзеу мекемесіндегі тәрбие жұмыстарының нәтижесі болар.

салуга отырса, екінші жасөспірім колөнер бұйымдарын жасауға көшеді. Сол арқылы балалар көңілін басқа дүниеге бұрып, ойын сергітеді. Мекеме қабырғасында ұйымдастырылатын түрлі тақырыптық сурет байқауларына, көрмелеріне қатысатын жастар саны да жылдан-жылға көбейіп келеді. Бұл – қуанарлық жағдай. Себебі, шығармашылыққа жақын жандар енді жамандық жасамауға ұмытылуы мүмкін.

Мекеме кітапханасына барып, кітап оқитындар да аз емес. Айтпақшы, қаладағы Жамбыл атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасының ұжымы осы түзеу мекемесі басшыларымен меморандумға қол қойған. Кітапхана қызметкерлері түрлі тағылымды кештер өткізіп тұрады. Балаларға көркем шығармалар әкеліп сыйлайды. Тіпті, сол кітапханаға арнайы тапсырыс беріп, кітап жаздырып алып оқитын балалар да бар, бірақ көп емес...

Сағат 18.30.

Кеш те таяп қалды. Енді темір торда жазасын өтеп жатқан жастарды «кешкі карточкалық тексеру» басталады. Олар айнала толған бейнекамера, ала таңнан жасақ бастығының қатаң қадағалауында, жіті бақылауында болғанымен, міндетті түрде тағы тексеріледі. Тіпті, денесінде әлдебір із жоқ па, дене қызуы көтеріліп, ауырып тұрған жоқ па, соның бәрі тексеріледі.

Қабағы түсіңкі бала байқалса, дереу жеке әңгіме-дүкен орнатылады. Қажет болған жағдайда психолог-маман шақырылады. Мұнда теолог-мамандар да жиі келіп, түрлі тақырыптарда дәрістер оқып тұрады.

Сағат 19.00.

Кешкі ас уақыты да әдеттегідей, қалыпты өтті. Колонияға кеше ғана түскен анау екі бозбала да айналасына бой үйретіп келе жатқандай.

			040	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық паркттердің инфрақұрылымын дамыту	73 040,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	12 347 638,0
			005	2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	2 719 710,0
			017	2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	8 796 083,0
			018	2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	372 645,0
			060	Креативті индустриялар саласында жеке кәсіпкерлікті дамыту, креативті кеңістіктерді инфрақұрылымын құру үшін қаржыландыру және жағдайлар жасау	459 200,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетикалық және инфрақұрылымдық даму басқармасы	681 073,0
			020	Бизнеснің жол картасы–2025 бизнесіті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	681 073,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	2 896 516,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 896 516,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	567 484,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	567 484,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	1 208 489,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 208 489,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	3 024 909,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 332 857,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	630 000,0
			004	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	811 272,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	250 780,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	31 964 774,0
			013	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органның резерві	31 828 774,0
			022	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	136 000,0
		373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	9 408 810,0
			031	Әкімшілік ғимараттар кешенін салу	8 469 006,0
			048	Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту	939 804,0
		512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	2 171 547,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 171 547,0
		513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	2 232 671,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 232 671,0
14				Борышқа қызмет көрсету	5 219 831,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	5 219 831,0
			005	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	5 216 330,0
			018	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	3 501,0
15				Трансферттер	215 547 146,5
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	215 547 146,5
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	446 125,2
			007	Бюджеттік алып қоюлар	207 229 679,0
			052	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару	3 735 777,2
			053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілген нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	4 135 565,1
				III. Таза бюджеттік кредит беру	20 257 479,0
				Бюджеттік кредиттері	22 049 905,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3 085 000,0
		355		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 085 000,0
			063	Жастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	3 085 000,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	17 964 905,0
		511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	17 964 905,0
			012	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру	17 964 905,0
13				Басқалар	1 000 000,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы

АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 1 желтоқсандағы №67 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізімінде электрондық түрде 2023 жылғы 6 желтоқсанда №189589 болып тіркелді.

	ШЕШІМ	
2023 жылғы 1 желтоқсан		№67

«Алматы қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жолақы жеңілдігін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының

2015 жылғы 15 қыркүйектегі №367 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Алматы қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жолақы жеңілдігін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 15 қыркүйектегі №367 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №1206 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға және он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға»;

1-тармақтың 6) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) 2023 жылғы 20 сәуірге Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің 207-бабы 1-тармағына сәйкес зейнет жасына толған зейнеткерлерге»;

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды алып жүретін адамдарға».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы

мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИНЕВ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы

АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 1 желтоқсандағы №68 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізімінде электрондық түрде 2023 жылғы 6 желтоқсанда №189595 болып тіркелді.

	ШЕШІМ	
2023 жылғы 1 желтоқсан		№68

«Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Алматы қаласы мәслихатының

2020 жылғы 18 наурыздағы №431 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы №431 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №1612 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі айқындалсын»,

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 маусымнан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Алматы қаласы

мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИНЕВ

Алматы қаласы мәслихатының
2023 жылғы 1 желтоқсандағы №68 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының
2020 жылғы 18 наурыздағы №431
шешіміне қосымша

Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі

№ р/с	Маршрут нөмірі	Маршрут атауы
1	2	3
1	1	2-ші Остроумов көшесі – «Алматы-1» теміржол вокзалы
2	2	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Таулы қырат» шағынауданы
3	3	«Орбита» шағынауданы – Әуешай (түнгі экспресс)
4	4	«Қарағайлы» шағынауданының мектебі – «Думан» шағынауданы
5	5	Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі – «Ақ Төбе» кенті
6	5а	Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі – «Ұлы Отан Соғысы» госпиталі
7	5б	Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі – «Ақ қайың» шипажайы
8	5в	Қайың тоғайы – Достық даңғылы – Оспанов көшесі
9	7	«Зерделі» шағынауданы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы
10	8	«Жас қанат» шағынауданы – Райымбек батыр» метро бекеті
11	9	«Жас қанат» шағынауданы – Райымбек батыр» метро бекеті
12	10	«Райымбек батыр» метро бекеті – «Боралдай» әуешайы
13	11	«Думан» шағынауданы – «Абай» кенті (Абай саяжайлары)
14	12	«Алматы-2» теміржол вокзалы – «Медеу» мұз айдыны
15	13	«Мәдениет және демалыс саябағы» – «Алматы-1» теміржол вокзалының көпірі
16	14	«Дария» шағынауданы – «Асыл Арман» тұрғын үй кешені
17	15	«Нұрлытау» шағынауданы – «Барлық» базары
18	16	«Асыл Арман» тұрғын үй кешені – «Мәдениет және демалыс саябағы»
19	17	«Думан» шағынауданы – «Айнабұлақ-3» шағынауданы
20	18	Победа көшесі – Саин көшесі – Торайғыров көшесі
21	19	«Нұркеті» шағынауданы – «Қазақфильм» шағынауданы
22	20	«Думан» шағынауданы – Есентай көшесі
23	21	Станиславский көшесі – «Көк-Төбе» шағынауданы
24	22	Мақатаев көшесі – «Барлық» базары
25	23	«№7 қалалық клиникалық ауруханасы» – «Қырғауылды» кенті
26	24	«Өжет» шағынауданы – Мәдениет шағынауданы
27	25	«Саялы-2» шағынауданы – Байтұрсынов – Мақатаев көшелері
28	26	«№ 7 қалалық клиникалық ауруханасы» – Экологиялық бекет – «Тау жолы» кенті
29	27	«Жас қанат» шағынауданы – Крылов көшесі
30	28	«Орбита 2-4» шағынауданы – 2-Гидроэлектростанциясы
31	29	2-ші Остроумов көшесі – «Мұзтау» шағынауданы
32	29р	Қалдаяқов көшесі – Экологиялық бекет
33	30	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Нұр Алатау» шағынауданы
34	31	«Қазақфильм» шағынауданы – «Абай» шағынауданы
35	32	«Арман» автобекеті – «Жұлдыз» шағынауданы
36	33	«Саялы» шағынауданы – «Әлмерек» шағынауданы
37	34	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Арман» автобекеті
38	35	«Адем» сауда орталығы – «Қарасу» шағынауданы
39	36	«Маяк» шағынауданы – «Алматы-1» теміржол вокзалы
40	37	«Мамыр» шағынауданы – «Мағпум» сауда үйі
41	38	Өл-Фараби даңғылы – Алматы шығыс айналма жолы – Саин көшесі – Рысқұлов даңғылы
42	39	Жандосов – Вахтангов көшелері – «Дария» шағынауданы
43	40	Гончаров көшесі – Мақатаев көшесі
44	41	«Көкжиек» шағынауданы – «Гүлдала» кенті Талғар ауданы
45	42	Құрылыс комбинаты – Қонаев көшесі
46	43	Қайырбеков – Жібек жолы көшелері – Бригадная көшесі
47	44	«Алма Сити» тұрғын үй кешені – «Орталық стадион»
48	45	«Шаңырақ» шағынауданы – «Самал» шағынауданы
49	46	Бидайық көшесі – «Алматы-1» теміржол вокзалы
50	47	2-ші Остроумов көшесі – «Барлық» базары
51	48	Халыққа қызмет көрсету орталығы – «Таулы қырат» шағынауданы
52	49	«Бауыржан Момышұлы» метро бекеті – Қарьерная көшесі
53	50	«Айша Бибі» шағынауданы – «Ақжар» шағынауданы
54	51	«Рахат» кондитерлік фабрикасы – «Жұлдыз Жаңа құрылыс» шағын ауданы
55	52	6 қалалық кешені – «Қырғауылды» кенті
56	53	«Мамыр-1» шағынауданы – «Кемертөған» кенті
57	54	Крылов көшесі – «Аспан Сити» тұрғын үй кешені – Алатау тас жолы
58	55	«Сарыарқа» метро бекеті – «Барлық» базары
59	56	«Айнабұлақ-3» шағынауданы – «Қазақфильм» шағынауданы
60	57	«Саялы-2» шағынауданы – Республика сарайы
61	58	«Қарасу» шағынауданы – Есентай көшесі
62	59	Саин көшесі Орбита 3 шағынауданы – «Жетісу» базары
63	60	Қалдаяқов көшесі – Кеңсай саяжайлары
64	62	Хан Тәңірі көшесі – Қазығұрт – 12 қалалық аурухана
65	63	«Арман» автобекеті – Қонаев көшесі
66	65	«Ақсай-3б» шағын ауданы – «Думан» шағынауданы

67	66	Төле би – Яссауи көшелеріндегі айналма алаңы – 28 Панфиловшылар паркі
68	67	«Қазақфильм» шағынауданы – «Абай» шағынауданы
69	68	«Есентай молла» сауда үйі – Алматинская көшесі
70	69	«Жетісу» базары – «Өжет» шағынауданы
71	70	«Таулы қырат» шағынауданы – «Көкжиек» шағынауданы
72	71	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы
73	72	«Алматы-1» теміржол вокзалы – 6 шағынауданы
74	73	Балтабаев көшесі – «Алматы-1» теміржол вокзалы
75	74	«Рахат» кондитерлік фабрикасы – «Алматы-1» теміржол вокзалының көпірі
76	75	«Өжет» шағынауданы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы
77	76	Наурызбай ауданының Әкімшілік орталығы – «Ақбұлақ» сауда орталығы
78	77	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Арман» автобекеті
79	78	«Бауыржан Момышұлы» метро бекеті – Жалпақсай кенті Қарасай ауданы
80	79	Жандосов – Саин көшелері – «Әлмерек» шағынауданы
81	80	«Айнабұлақ-3, 4» шағынауданы – «Атакент» Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы
82	81	71 разъезд – Қожабеков көшесі
83	85	«Мамыр-1, 7» шағынауданы – «Жұлдыз» шағынауданы
84	86	Торайғыров көшесі – Азаматтық авиация академиясы
85	88	Қонаев – Мақатаев көшелері – Батыс зираты
86	89	«Gate City» тұрғын үй кешені – «Райымбек батыр» метро бекеті
87	92	Әуешай – «Мамыр» шағынауданы
88	95	«Барлық» базары– «Көк-Төбе» шағынауданы
89	97	«Зерделі» шағын ауданы – «Айнабұлақ 3,4» шағынауданы
90	98	«Байтал» тұрғын үй кешені – «Райымбек батыр» метро бекеті
91	99	«Ақбұлақ» шағын ауданы – «Көк-Төбе» шағынауданы
92	100	«Асыл Арман» тұрғын үй кешені – «Бесағаш» кенті Талғар ауданы
93	101	Индустриялық аймақ – «Хайлиберн» мектебі
94	102	«Барлық» базары – «Алматы-1» теміржол вокзалы
95	103	«Қарғалы» шағынауданы – «Шаңырақ-1» шағынауданы
96	104	«Таутүл-3» шағынауданы – Бидайық көшесі
97	105	«Мәдениет» шағынауданы – Төле би – Яссауи айналма алаңы
98	106	«Әлмерек» шағынауданы – «Жетісу» шағынауданы
99	107	Достық даңғылы – Оспанов көшесі – «Көлсай» кенті
100	108ш	«Алма-Арасан» шағынауданы – №190 мектеп
101	109	«Алғабас» шағынауданы – 6 шағынауданы
102	110	Төле би – Яссауи көшелері – №176 мектеп
103	111	«Көк-Төбе» шағынауданы – Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі
104	112	Мақатаев көшесі – «Барлық» базары
105	113	«Жетісу» базары – Саин көшесі («Орбита-3» шағынауданы)
106	114	«Сұлусай» кенті – Абдуллиндер көшесі
107	115	«Теректі» шағынауданы – «Зерделі» шағынауданы
108	116	«Нұрлытау» шағынауданы – Розыбакиев көшесі – Райымбек даңғылы
109	117	Қонаев-Мақатаев көшесі – «Алатау» шағынауданы (Ядролық физика институты)
110	118	Строительная көшесі Наурызбай ауданы – «Мәдениет және демалыс саябағы»
111	119	«Қарғалы» шағынауданы – «Райымбек батыр» метро бекеті
112	120	«Айнабұлақ-4» шағынауданы – «Жетісу» базары
113	121	«Жұлдыз-1, 2» шағынауданы – «Орбита» шағынауданы
114	122	«Рахат» кенті – Төле би – Яссауи көшелеріндегі айналма алаңы
115	123	Қожабеков көшесі – «Көкжиек» шағынауданы
116	124	«Таулы қырат» шағынауданы – «Водник» шағынауданы
117	125	«Көкжиек» шағынауданы – Жұбанов көшесі
118	126	«Мәдениет және демалыс саябағы» – «Таусамалы» шағынауданы
119	127	«Қазақфильм» шағынауданы – Қонаев көшесі
120	128	«Самал» шағынауданы – «Барлық» базары
121	129	«Қарасу» шағынауданы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы
122	131	«Рахат» кондитерлік фабрикасы – Иштван Қоңыр көшесі
123	132	«Үлжан-1» ықшамауданы – «Үлжан-2» ықшамауданы – «Сайран» метро бекеті
124	133	Қонаев – Мақатаев көшелері – «Өжет» базары
125	135	«Арман» автобекеті – «Алматы-1» теміржол вокзалы
126	136	«Өжет» базары – Наурызбай ауданының әкімшілік орталығы
127	137	Наурызбай ауданының әкімшілік орталығы – «Ақбұлақ» базары
128	138	«Адем» сауда орталығы – «Жетісу» базары
129	139	Наурызбай ауданының әкімшілік орталығы – «Қарғалы» шағын ауданы
130	141	«Айнабұлақ-3, 4» шағынауданы – Экологиялық бекет
131	142	«Мамыр-1» ықшамауданы – «2-ші жылуэлектрорталығы»
132	143ш	№179 мектеп – «Шаңырақ-б» шағынауданы
133	144ш	«Новый» шағынауданы – №179 мектеп
134	201	Алматы шығыс айналма жолы – 13 шағынауданы – Мөңке би көшесі
135	202	«Сайран» автовокзалы – Қаскелең қаласы
136	203	«Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар қаласы
137	204	«Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар ауданының «Белбұлақ» кенті
138	205	«Жетісу» базары – «Орбита-2, 4» шағынаудандары
139	206	Алматы шығыс айналма жолы – «Төле би – Яссауи» айналмалы алаңы
140	207	«Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар қаласы
141	208	«Алматы-2» теміржол вокзалы – Іле ауданының Қоянқұс кенті
142	209	«Спорт сарайы» – Талғар ауданының «Пионер» тау курорты
143	210	«Спорт сарайы» – Талғар ауданының «Ой-Қарағай» тау курорты
144	212	«Almaty Mall» сауда ойын орталығы – Қарасай ауданының «Шамалған» кенті Колледж
145	213	Үлкен Алматы каналы – Қарасай ауданының «Көлаңы» кенті
146	214	«Алматы-1» теміржол вокзалы – Іле ауданының «Жанталап» кенті
147	215	«Айша Бибі» шағынауданды – Іле ауданың «Ынтымақ» кенті
148	216	«Алматы-1» теміржол вокзалы – Талғар ауданының «Дәулет» кенті
149	217	«Алматы-1» теміржол вокзалы – Іле ауданының «Әли» кенті
150	219	«Адем» сауда орталығы – Іле ауданының «Қарасу» кенті
151	220	«Райымбек батыр» метро бекеті – Іле ауданының «Жетіген» кенті
152	221	«Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар ауданының «Қайнар» кенті
153	222	«Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар ауданының «Айғаным» кенті
154	223	«Алматы 1» теміржол вокзалы – Талғар ауданының «Туғанбай, Нұра» кенті
155	224	«Орталық стадион» – Талғар ауданындағы «Ақбұлақ» тау шаңғы курорты
156	225	«Саяхат» автовокзалы – Есік қаласы
157	226	«Бауыржан Момышұлы» метро бекеті – Іле ауданының «Жаңатұрмыс» кенті
158	227	«Алматы-1» теміржол вокзалы – Іле ауданының «Чапаев» кенті
159	228	Панфилов көшесі – Іле ауданының «Өтеген батыр» кенті
160	230	Төле би – Яссауи көшелеріндегі айналма алаңы – Қаскелең қаласы
161	231	«Саяхат» автовокзалы – Іле ауданының «Комсомол» кенті – «Жәлпек батыр» кенті
162	232	«Алматы-2» теміржол вокзалы – Талғар ауданының «Тұздыбастау» кентіндегі «Сұлтан» кешені
163	233	«Саяхат» көлік вокзалы – Іле ауданының «Қарой» кенті
164	234	«Алтай» шағын ауданы – Талғар ауданының «Еламан» кенті
165	235	«Сәлем» базары – Іле ауданының «Исаев» кенті
166	236	«Төле би – Яссауи» айналмалы алаңы – Жамбыл ауданының «Қарғалы» кенті
167	240	«Адем» сауда үйі – Іле ауданының «Батыр» кенті
168	244	«Бауыржан Момышұлы» метро бекеті – «Бекболат Әшекеев» кенті
169	247	«Төле би – Яссауи» айналмалы алаңы – Жамбыл ауданының «Мыңбаев» кенті
170	1-тп	«Мәдениет және демалыс саябағы» – Қожабеков көшесі
171	5-тп	«Алматы-2» теміржол вокзалы – «Ақсай» шағынауданы (Марғұлан көшесі)
172	6-тп	«Алматы-2» теміржол вокзалы – Төле би көшесі – Бауыржан Момышұлы көшесі
173	7-тп	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Атакент» Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы
174	9-тп	«Орталық базар» – Қожабеков көшесі
175	11-тп	«Орталық базар» – Жұбанов көшесі
176	12-тп	«Мәдениет және демалыс саябағы» – Саин және Жандосов көшелері
177	19-тп	«Орталық базар» – Школьный көшесі
178	25-тп	«Мәдениет және демалыс саябағы» – Марғұлан көшесі

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы

АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 1 желтоқсандағы №69 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізімінде электрондық түрде 2023 жылғы 7 желтоқсанда №189622 болып тіркелді.

	ШЕШІМ	
2023 жылғы 1 желтоқсан		№69

«Теміржол көлігі саласындағы Алматы қаласының әлеуметтік мәні бар қала маңындағы жолаушылар қатынастарының тізбесін бекіту туралы»

Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 24 мамырдағы №101 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Теміржол көлігі саласындағы Алматы қаласының әлеуметтік мәні бар қала маңындағы жолаушылар қатынастарының тізбесін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 24 мамырдағы №101 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1378 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

қосымшада:

теміржол көлігі саласындағы Алматы қаласының әлеуметтік мәні бар қала маңындағы жолаушылар қатынастарының тізбесінде реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

1.	Қазыбек бек – Алматы 2 – Қазыбек бек
----	--------------------------------------

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы

мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИНЕВ



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.

Құрметті жазылушылар сәттілік тілейміз!



ЭКОНОМИКА

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС нысандарын тексеруге келер жылдан бастап мораторий аяқталады

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Алматы қаласы бойынша филиалы шаһардың кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, қорға әлеуметтік аударымдар бойынша кәсіпкерлерді қандай өзгерістер күтіп тұрғаны жайында онлайн семинар өткізді.



мөлшері 7%-ға артады», – деді Балғын Бекмағамбетова.

МӘСҚ АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының бас маманы Марал Дәулетова Әлеуметтік кодекс шеңберінде 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтылатынын атап өтті.

«Енді Әлеуметтік кодекске сәйкес, азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін тұлғалар үшін әлеуметтік аударымдар 2025 жылдан әлеуметтік аударымды есептеу объектісінің 5% мөлшерлемесі бойынша есептеледі», – деді қор өкілі.

Келер жылдың басынан Әлеуметтік кодексте көзделген нормалардың бірі – Бірыңғай жиынтық төлем жойылады. Жиын аяғында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының сарапшылары кездесуге қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ, кездесу кезінде келер жылдан бастап кәсіпкерлерге ШОБ тексерулеріне мораторийдің аяқталатыны еске салынды.

«Әлеуметтік төлемдер – тақырыбы бизнестің өзекті мәселесінің бірі. Мұндай форматтағы консультация кәсіпкерлерге аса қажет. Палата алаңында түсіндіру семинарлары тұрақты негізде өтеді. Бүгін қызу диалог өтті, өзекті деген көптеген сауал болды. Семинарға қатысушылар бухгалтерлер үшін «БЖЗҚ» АҚ, «ӘМСҚ» АҚ өкілдерімен МЗЖ, МӘМС мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысты кездесу ұйымдастыруды сұрады», – деп атап өтті Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының адами капиталды дамыту жөніндегі сарапшысы Жанар Ибрагимова.

КЕЗДЕСУ



ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛ!

Бірлескен жұмыс әрқашан нәтижелі

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы департаментінің өкілдерімен бірге тұрақты түрде халықпен кездесіп отырады.

Халыққа қызмет көрсету орталықтары және автоХҚО-лар арқылы халыққа ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында ІІМ органдары, Автомектептер басшылары, Кіріс департаменті, қоғамдық ұйымдар, мәжіліс, мәслихат депутаттары және т.б. құзыретті органдар өкілдерімен бірлесіп қоғамдық қабылдаулар, «ашық есік» күндерін өткізеді.

Тұрғындармен кездесу барысында азаматтар онлайн қызмет алу, көлік тіркеу, жүргізуші куәлігіне емтихан тапсыру, жер кадастрын тіркеу, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, заңды тұлғаларды тіркеу, шетелдік азаматтарды тіркеу, әлеуметтік мәселелері бойынша сұрақтармен жүгінеді.

Тараптар күні кеше Алматы қаласы Жетісу ауданындағы Халыққа қызмет көрсету орталығы мен Көші-кон жөніндегі орталықта қоғамдық қабылдау өткізді. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы департаменті басшысының орынбасары Нұрсұлтан Сейдалиев, бас маманы Мақсат Жаңбыршиев және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы Сапаны бақылау басқармасының басшысы Мадина Аманова қызмет алушылардың сұрақтарына жауап берді.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыру шеңберіндегі мұндай қабылдаулардың маңызы зор. Әлеуметтік желілер мен БАҚ-тарда көрініс тауып жататын кейбір теріс пікірлер қызмет көрсетуші мекеме үшін қоғамда келеңсіз көзқарас қалыптастырып жатады. Соның алдын алу үшін, халықтың да ұсыныс-пікірлерін тыңдай отырып, қоғамдық резонансты төмендетуге атсалысамыз. Өз күзгіретіміз ішегінде шешілмейтін мәселелерді тиісті орындарға жеткіземіз», – дейді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы департаментінің бас маманы Мақсат Жаңбыршиев.

Нұр ЖАМАЛ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімі

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

**Almaty
AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Akshamy» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**

Апталық

таралымы – 28 412

Кезекші редактор –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№КЗ80VРУ00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы**

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортындағы

жолаушыларға қолжетімді.



**Айнабай
МӘДИ**

Семинар сұрақ-жауап форматында өтті. Жиынға барлығы 178 кәсіпкерлік субъекті қатысты. МӘСҚ АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының бас маманы Балғын Бекмағамбетова қатысушыларды міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымды төлеу механизмі мен оны қайтару, әлеуметтік аударым жүргізілетін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне төлеуші мен қатысушылардың құқығы мен міндеттері, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша ақпараттандырды.

«2024 жылғы 1 қаңтардан бастап «2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 19 қазандағы №925 қаулысына сай, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігі мен асыраушысынан айырылу жасадайы бойынша әлеуметтік төлемдердің

[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/
UCxM2xrjChx6Bt1gga](https://www.youtube.com/channel/UCxM2xrjChx6Bt1gga)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/
aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/
aqshamy_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)



ТҮНГІ РЕЙД

ЖҰРТҚА ЖАҚЫН ПОЛИЦИЯ

Учаскелік инспекторыңызды танысыз ба?

Ішкі істер органдарының полиция қызметіндегі халыққа ең жақын буыны – учаскелік инспекторлар. Бұл институт ішкі істер жүйесіндегі ең көне әрі көпфункционалы қызмет түрі. Әкімшілік құқықбұзушылықтан бастап, аса ауыр қылмысқа дейін анықтап, профилактикалық іс-шаралар жүргізетін тәртіп сақшысы жұмысының басты көрсеткіші – тұрғындардың сенімі.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жүйелілік пен тәртіп

Алматы қаласында 600 учаскелік инспектор жұмыс істейді. 102 полициялық тірек, 21 модульдік бекет бар. Инспектордың негізгі жұмысы халықпен тығыз байланысты. Әкімшілік учаскеге келген тұрғындардың мәселесін шешіп, профилактикалық есепте тұрған азаматтарды күні-түні тексеру – инспектор жұмысының аз ғана бөлігі. Құқық бұзуға бейім адамдармен жеке алдын алу жұмысын жүргізу тағы бар.

Алматы қаласы Алатау ауданы полиция бөлімінің жауапты учаскелік инспекторы Нұржан Әділұлы 2020 жылдан бері тәртіп сақшысы қызметін атқарады. Оның міндеті – өзіне сеніп тапсырылған «Саялы» ықшамауданында құқықтық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қорғау. Бүгінде учаскелік полиция инспекторлары Мемлекет басшысы белгілеп берген полицияның ұлттық сервистік моделінің негізгі тұлғасына айнала алды ма? Инспектордың қызметімен танысу үшін 9-полиция бөліміне барып, сеніп тапсырылған аумақты аралап шықтық.

«2018 жылдан бері осы саладамын. Халықпен тығыз жұмыс істеуде өзімді сынап көру үшін Алатау ауданы полиция бөліміне ауысып келдім. Қызметім өзіме ұнайды. Үш жылдық тәжірибемде тұрғындардың көбімен танысып үлгердім. Қазір көбі учаскелік инспекторын жақсы таниды. Көмек керек болғанда уақытқа қарамай, қызмет көрсетуге тырысамыз», – дейді инспектор.

Кез келген құқықтық қызметкердің жұмысы оңай емес. Қауырт қызмет сағат 08.00-де басталады. Бірақ 24 сағат бойы сақадай сай болып, қала тыныштығын күзетеді. Әкімшілік немесе басқа да құқықбұзушылыққа қатысты хабарлама түссе, бірден «атқа қонады». Керекті хаттамаларды толтырып, екінші рет қайталанбауы үшін профилактикалық іс-шаралар қолданады. Алатау ауданында 16 учаскелік инспектор полиция бөлімі, ал Алатау ауданының полиция бөлімінің басқармасында 11 учаскелік инспектор полиция бөлімі бар. 9-полициялық бөлімшесінде Нұржан Әділұлымен бірге тағы 4 инспектор қызмет атқарады. Біреуі – модульдік бекетте отырады.

«Көбіне отбасылық жанжалдарға қатысты шақырту болады. Учаскелік инспектор полиция бөлімінің қызметін айғақтай-



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

тын №95 бұйрық бар. Соған сәйкес халықпен тығыз қарым-қатынаста болу керек. Жан-ұядағы ұрыс немесе кейбірі көршілерімен, ағайын-туыстарымен жанжалдасып қалады. Жеке тұлғалармен, басқа да адамдармен ұрыс-керіс, жанжал, төбелес кезінде тараптарды ымыраға келтіру – учаскелік инспектор полиция бөлімінің тікелей қызметі. Солармен жұмыс істеу және өзіне қарасты аумақта профилактика өткізіп, қылмыстың алдын алу – күнделікті жұмыс. Ұрыс-жанжалдан туындаған мәселені сотқа жеткізбеуге күш саламыз».

Нұржан Әділұлының бақылауында 155 үй, 2 мектеп, 2 балабақша, 28 мыңнан аса тұрғын бар. Ол өзінің бақылауындағы аумақты күн сайын аралап, тұрғындармен кездеседі. Әкімшілік құқықбұзушылық, тіпті қылмыс белгілері бар факті мен оқиға туралы өтініштерді қарайды.

«Бірақ тұрғындар саны үнемі өзгеріп тұрады. «Саялы», «№13» пен «Көкқайнар» ықшамауданында жер үйлер өте көп. Өздеріңіз білесіздер, жер үйді жалға алу арзан болғандықтан, көбі пәтерді осы жақтан жалдайды. Дені – отбасылы азаматтар. Тұрғындар саны көбейеді немесе басқа жаққа көшіп кетеді. Тұрғын үйлерге рейд жүргізген кезде көлікпен емес, жаяу жүрген ыңғайлы. Алатау ауданында 1 сервистік модульдік полиция бекеті бар. Біздің полициялық тірекке жақын жерде орналасқан. Бекетке жақын маңдағы пәтерлердегі тұрғындар сол жерге барып, шағымданады. Бізге жергілікті шақырту ретінде келеді. Асығыс болмаса, сол жерге арыз-шағымдарын түсіреді. Жекеге қоңырау соғады немесе 102 – полицияны жедел шақыру нөміріне хабарласады. Шақыртуларды солай қабылдаймыз».

Уақытпен санаспайтын қызмет

9-полициялық тіреkte инспекторлар күн сайын сағат 18.00-21.00 аралығында тұрғындарды қабылдайды. Ал рейдтік қызметке

түнгі уақытта шығады. Себебі, құқықбұзушылықтардың көбі түнде болады. Жалпы саны 15 маршрут беріледі. Сол 15 бағытта түнімен қызмет атқарады. Тәртіп сақшылары жұма, сенбі, жексенбі күндері рейдке шығады. Басты міндет – қоғамдық тәртіпті қамту, заңға бағынбағандарға шара қолдану.

Қаланың ең шулы ауданында отбасылық жанжалдар жиі болып тұрады. Өз учаскелік аймағын аралап жүретін инспектор түрлі жағдайға тап болады. Қоғамдағы неше түрлі адамдарға кездеседі. Арасында өзі де балағат сөз естіп, денсаулығы мен өміріне қауіп төнуі мүмкін.

Биыл 1–30 қараша аралығында «Сіздің учаскелік полициясы!» атты республикалық науқан мен 20–30 қараша аралығында «Құқықтық тәртіп» профилактикалық іс-шарасы өтті. Бұл екі науқанның бір уақытта өтуінің өзіндік мәні бар. Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттырып, қылмыстың алдын алуда атқарылған жұмысты оқырманға қатар ұсыну үшін арнайы репортажды осы кезге ұйымдастырдық.

«Құқықтық тәртіп» профилактикалық іс-шарасының қала бойынша қорытындысын өткен нөмірде жазғанбыз. Ал Алатау ауданына қатысты сандарды инспектор Нұржан Әділұлы баяндады.

«Қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күресу – аса маңызды міндет. Ел амандығы мен азаматтардың қауіпсіздігі осы міндеттерге тікелей байланысты. Сіз айтқан 1 айда өткен жұмыстарды тек науқан кезінде атқармаймыз. Халықта ондай түсінік қалыптаспауы керек деп ойлаймын.

Алатау ауданында 101 бағыт болды. Оның ішінде, 85 маршрут автомобилдік, 75 маршрут жаяу жүргізушілерге қатысты болды. 10 күн ішінде аудан бойынша 94 қылмыс анықталды. Оның 40-ы ашылып, қазіргі таңда жұмыс жүріп жатыр. Жалпы қылмыс болған жағдайда бөлім бастықтарына баяндап, желгілікті полиция бөліміне өткіземіз. Учаскелік инспектор полиция бөлімі қызметі көбіне әкімшілік құқықбұзушылық-

пен айналысады. Әкімшілік құқықбұзушылық анықталған жағдайда өзіміздің мамандандырылған аудандық сотқа жолданады.

Учаскелік полиция қызметкерінің айтуынша, ол қызметінде жүйелілік пен тәртіпті басты қағида деп санайды.

«Жұмыста қиын ештеңе жоқ. Бастысы – жоспарды уақытылы орындау және заңбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған пәрменді шешімдер қабылдау. Менің бақылауымдағы ауданда қылмыстың интернет алаяқтық түрі жиі кездеседі. Бір жыл ішінде 20-ға жуық алаяқтық тіркелді. Оның 15-і әкімшілік полиция бөліміне жеткізіліп, қылмыстық іс қозғалды. Екіншісі – әкімшілік құқықбұзушылыққа қатысты істер. Алатау ауданында темекі бұйымдарын қолдануға қатысты көп жағдай туындайды. Өзіңіз білесіз, қазір қаланы көркейту бойынша бірнеше іс-шара жүріп жатыр. 20–30 қараша аралығында Әкімшілік кодекстің 441-бабы бойынша 36 әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, хаттама толтырылды. 434-бабы қоғамдық ортаны ластау бойынша 8 адам әкімшілік жазаға тартылды. Түнгі тыныштықты бұзғаны үшін 72, алкогольдік ішімдік ішу бойынша 166 адам әкімшілік құқықбұзушылыққа тартылды».

Есірткі сатқан...

Алатау ауданы бойынша есепте тұрған, шартты түрде босаған 70-ке жуық адам бар. 9-учаскелік полиция инспекторлығында 3 профилактикалық есепте тұрған тұрғын бар. Есепте тұрғандарды тексеру де учаскелік инспектордың міндетіне кіреді. Профилактикалық есепте тұрған тұрғындардың біреуі тұрғылықты жері бойынша тексерілді. Тізімдегілер үйінде-үйінде еместігін тексеру үшін инспекторлар Нұржан Әділұлы мен Шыңғыс Жақанбаевпен бірге В. есімді азаматтың үйіне бардық. Есірткі қолданып, сатқаны үшін сотталған. Мерзімі аяқталғаннан кейін тұрғылықты мекенжайы бойынша есепке алынған. Оларға кешкі сағат 22.00-ден кейін сыртқа шығуға тыйым салынады. Инспектор тексерген кезде алкогольдік ішімдікті тұтынбаған болуы керек.

«Түнде де, апта сайын күндізгі уақытта да тексереміз. Есепте тұрған 3 азаматтың біреуі дене жарақатын келтіру, екіншісі алаяқтық, үшіншісі есірткі қылмысы бойынша есепте тұр. Жалпы есірткіге қатысты барлық іс-әрекет ауыр қылмыстар санатына жатады. Осы кісіні жиі тексеріп тұрамыз. Себебі, неше түрлі жағдай болуы мүмкін. Үйіне жиі барып, жағдайын сұрап кетеміз».

P.S Елімізде болатын қылмыстардың 60 пайызын учаскелік инспекторлар ашады. Нұржан Әділұлы қызмет ететін әкімшілік учаскеге қарасты барлық аумақта оның суреті мен деректері, сондай-ақ, қажет болған жағдайда тұрғындар жүгіне алатын телефон нөмірі бар тақтайшалар орналастырылған. Себебі, азаматтардың инспекторға деген көзқарасы, оған деген сенімі – қызметінің маңызды көрсеткіші. Осындай сақшылар барда тұрғындар қауіпсіздігі әрқашан назарда екенін түсіндік.

